

Мектептегі мерекелер

№7 (181)
2023

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ж. Баймуханова. Менің Отаным – Қазақстан.....	3
Г. Менетаева. Салт дәстүрім – асыл қазынам.....	6
Д. Сейітқұлова. Жайнай бер, жаса, гүлденген Талдықорған!.....	10
А. Жақсылықова, Г. Алдабергенова. Қазақ тілі: тарих шырғалаңынан тәуелсіздік шыңына	13
Ж. Әжібаева. Біз өмірді таңдаймыз	18
И. Әлішбаева. Қызықты математика әлемі.....	22
Ұ. Сұлтанова, Г. Шамарова. Мамандық таңдау – маңызды іс	24
А. Тажикенова, Б. Абдыкаимова, А. Абылгазина, Г. Бекова. «Жігіт сұлтаны» сайысы	26
Н. Нысанқұлова. Қияға самғар қос қыран.....	31
А. Кеншінбаева. Ғажайып кітаптар сыры	34
А. Таған. Каникул алақай, оқиық балақай!	36
Оқушылар шығармашылығы.....	37

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
25.07. 2023 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

Төлешова Ұлмекен
Болатқызы –
Абай атындағы Қазақ
Ұлттық педагогикалық
университетінің аға
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының кандидаты.
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Менің Отаным – Қазақстан

Мақсаты: Оқушыларды еліміздің қысқаша тарихымен таныстыру, мемлекеттік рәміздерін жатқа білу, қас-терлеу, отанды сүюді, оның қадір-қасиетін жете білуді, Отанымызға адал қызмет етуге тәрбиелеу.

Көрнектілер:

1. ҚР мемлекеттік рәміздері, Отан туралы қанатты сөздер;

1. Көрме (конституция, бала құқығы туралы конвенция), т.б.

Өту барысы:

I. Әр топ өздеріне бөлінген орынға сапка тұрады;

II. Ұйым төрағасы: «ҚР мемлекеттік туы әкелінсін!», - деп бұйрық береді;

III. Мемлекеттік ту әкелінді;

IV. «Ұлан» оқушылар ұйымының төрағасы топ жетекшілерінің өз топтары жөнінде мәлімет беруге дайындалуын хабарлайды;

V. Әнұран орындалады;

VI. Әр топ жетекшілері мәлімет береді.

«Мұрагер» тобының жетекшісі:

Топ түзеліндер, тік тұрындар!

II. Топ төрағасының алдына қарсы тұрып: «Ұлан» оқушылар ұйымының төрағасы, мәлімет беріп тұрған «Мұрагер» тобының топ жетекшісі. «Мұрагер» тобы 25 қазан Республика күніне арналған салтанатты жиынға дайын.

Біздің топ: «Мұрагер»; Біздің ән: «Атамекең»;

Біздің ұран: «Өз білгенінді өзгеге үйрет».

Мәлімет беріледі.

Құттықтау сөзі мектеп директорына беріледі.

Жүргізуші: Құрметті оқушылар, қадірлі ұстаздар! Бүгін мектебімізде Республика күніне арналған салтанатты жиын өтуде. Осыған байланысты 7-9 сынып оқушыларының дайындаған әдеби-сазды монтажына назар аударыңыздар.

1-оқушы:

Келе жатыр керім күн,
Халық сүйіп қалаған.
Ата заңын елімнің,
Құрметтейді бар адам.
Алтын заңым қорғайды,
Бар адамның теңдігін.
Әділетті қолдайды,
Арқа тұтып ел бүгін.
Ол баршаға жөн нұсқап,
Жетелейді жарыққа.
Елбасы оны қолға ұстап,
Ант береді халыққа.

2-оқушы:

Әркім тілін сүйеді,
Қадірлейміз мұны біз.
Қазақ тілі — киелі,
Мемлекеттік тіліміз.
Қазына бар бұл тілде,
Анам айтқан жыр-әнін.
Жоғалуы мүмкін бе?
Өлмейтұғын мұраның?!

Өшпейді еш уақытта,
Ата-баба аңсары:
Қазақ тілі бақытқа
Жеткізеді баршаны!

3-оқушы:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далаға жылап келіп, уанғам,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

4-оқушы:

Қырқасын гүл көмкерген,
Отанымның от демі.
Менің байтақ өлкемнен,
Көркем өлке жоқ, тегі.
Көкке шалқып мұнайы,
Қол созады ол ғарышқа.
Ұл-қыздары ұдайы,
Көз тігеді алысқа.
Атады әрбір таң күліп,
Шашып алтын шапағын.
Жер бетінде мәңгілік
Жасайды ұлы Отаным!

5-оқушы:

Отаным менің — өмірімнің айғағы,
Бұзылмаған әлі қаймағы.
Балалық жас, лүпілдеген жүректі,
Желбіретті. Отан қанат жайғаны.
Отаным менің — кең-байтақ Қазақ-
стан.

Аман өткен талай дүлей азаптан.
Бар әлемді өз аузына қаратқан,
Кім бар, қане, артық дейтін Қазақ-
тан,

О, Отаным! Құлыныңмын қойның-
да,

Өзіңмен өмірім, өзіңде балаң ойым
да,

Болашағың күлімдеген ертеңгі
Отан — Ана, мына менің мойнымда.

6-оқушы:

Таң қалдырған Қазақстан бұл әлем-
ді,

Берекелі кең байтақ жалпақ елді.
Тәуелсіздік көк туын көкке ұстап,
Қазақстан адымдап бара берді.
Тәуелсіздік жемісін ала келді,
Көрінер көк жиектен далам енді.
Кім танымас айтсаңшы, айтындар-

шы,

Қазақстандай егемен, байтақ елді.
Кім танымас тербелген тал бесікті,
Болашаққа айқара аштық кең есікті.
Бар ма ел аузын ашып тамсанумен.
«Қандай ғажап егемен ел!» - десіпті.

7-оқушы:

Мереке бүгін ұлы күн,
Бабалар рухы көксеген.
Азатты елдің ұлымен,
Теңескен төбем көкпенен.
Мереке бүгін бақ күні
Егеменді елімнің.
Желбіреді көк туы,
Түсіндей боп көгімнің

8-оқушы:

Жасасын жаса азат күн!
Жасасын бейбіт, ел, су, жер.
Бостандық алған қазақтың,
Мәртебесін көрсін ел.
Қасиетті мейірі,
Киелі жер суым да,
Қазағымның елдігі,
Өрнектеулі туында.
Бейбітшілік жарқыраған алтын күн.
Ақ қанатты қыраны,
Азаттығы халқымның.

9-оқушы:

Көк аспан, күн, қыран — сәні құт,
Жарасқан байрақ мәнін ұқ!
Көк байрақ — ашық көк кеңісің,
Көк жайлап тұрған күн — жеңісің.
Алтын көтерген ел құсы,
Халқының батырлық белгісі.

Киелі көк байрақ астында,
Иелі іс ұқсас тасқынға.
Көк байрақ күш беріп әр істе,
Ерлерді жеткізген жеңіске.
Желбіреп тұр байтақ аймақта,
Елжіреп қараймыз байраққа.
Киелі байрақта аруақ, бақ,
Иеді басын ер ардақтап.
Көк туды қастерлеп сүйіп те,
Көтеріп ұстаймыз биікке!

10-оқушы:

Тәуелсіздік тірлігімнің айғағы,
Татулығым — бірлігімнің айғағы.
Сөгілмесе еліміздің іргесі,
Әлі де бар ұрпағымның арманы.
Бейбіт өмір тілеймін мен халқыма,
Туған тілім шұбарланба, жарқыра!
Тарихымда таланттылар көбейсін,
Бас иемін ата-баба рухына!

11-оқушы:

Құт-береке халқыма қайта келдің,
Орындалып арманы байтақ елдің.
Тарихынан халқымның бір үзік сыр,
Айта бергім келеді, айта бергім.
Қазақ елі — қашаннан да жыр елі,
Тарихында тұлғалар көп киелі.
Қазақстан аясында бұрыннан,
Бірнеше ұлт бірге өмір сүреді.

12-оқушы:

Алаштың туы асқақтады аспаным-
да,

Қазақ жері шыр айналды ақ таңым-
да.

Қайта тірілді қазақ болып халқы-
мыз,

Егеменді, тәуелсіз Отан қас-қағым-
да.

Тәуелсізбін, жар саламын әлемге,
Қазақстан тәуелсіз деп бар елге.
Отаным дәуірлейді болашақта,

Ел үмітін ақтайтын халқы барда.

13-оқушы:

Өзіндікі — елің де,
Өзіндікі — жерің де.
Өзінді-өзің еткен бақ —
Тәуелсіздік — төрінде!
Асқар тау да — сенікі,
Бақша, бау да — сенікі.
Қалтқысыз доспенен.
Қатал жау да — сенікі,
Өзіндікі — Туың да,
От пен ауа, суың да.
Жаса, Қазақстаным!
Белді бекем буын да!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының авторы, суретші Шәкен Ниязбеков.

14-оқушы:

Желбірейді шалықтап,
Қазақстан жалауы.
Көкте қыран қалықтап,
Қанат қағып барады.
Көк аспанда нұрлы күн.
Күлімдейді далама,
Бақыт тілеп тұр бүгін.
Ол барлық пәк балаға.
Ұлттық өрнек — мұрамыз,
Адастырмас мұраттай.
Нық көтеріп тұрамыз,
Жалауды біз құлатпай!

Мемлекеттік елтаңбаның авторлары танымал суретшілер: Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

15-оқушы:

Бейнелеп сан ғасырды,
Елтаңбасы елімнің.
Таратады хас үлгі,
Киесіндей жерімнің.
Бабам тұлпар жаратты,
Құлынында танып-ақ.

Тұлпар барда ғана
Шайқалмайды шаңырақ.
Тәуелсіздік көркі ол да,
Өркениет өрінде.
Нұр төгеді елтаңба,
Ақ орданың төрінде.
Қазақстан Республикасының Мем-
лекеттік Әнұраны
Сөзі: Жүмекен Нәжімеденов, Нұр-
сұлтан Назарбаев
Әні: Шәмші Қалдаяқов.

Әнұран орындалады.

Жанат Сатайқызы
БАЙМУХАНОВА,
Ю. Гагарин атындағы
мектептің мұғалімі.
Суықсай ауылы,
Ақсу ауданы,
Алматы облысы.

Салт дәстүрім – асыл қазынам

Мақсаты:

Білімділік: қазақ халқының салт-дәстүрі туралы білім беру. Қазақ халқының адамгершілік қасиеттерінің халықтың салт-дәстүрлерімен сабақтастығын түсіндіру, кейбір халық әндерін, ырымдарын үйрету;

Дамытушылық: топпен жұмыс істеу дағдысын дамыту;

Тәрбиелік: ұлттық мәдениетке, халқымыздың тарихына қызығушылық, өз халқының салт-дәстүрін сақтауға, дамытуға дайын азаматты қалыптастыру. Иmandылық, инабаттылық, ізеттілік қасиеттерін қалыптастыру.

Көрнекілігі: қазақ үйінің жасауы, мақал-мәтелдер, даналардан шыққан сөз, қолөнер бұйымдары, ою-өрнек түрлері.

Слайд көрсетілімі: тарихи жерлер, қазбалар, қазыналар.

1-жүргізуші: Қазақ халқының ұғымы бойынша сәлем беру – тәрбиелік пен адамгершілік белгісі. «Ауылдан

алты жасар бала келсе, алпыстағы шал келіп сәлем береді» дегендей, сәлем беру – қалыптасқан ұлттық дәстүріміз.

2-жүргізуші: Бүгін біздің мерекемізге еліміздің болашағы, халқымыздың намысын қолдан бермейтін, тарихын, мұрасын үлгі тұтатын екі ауылдың жастары келіп отыр.

1-ауыл «Баянауыл» – жігіттер ауылы. 2-ауыл «Көкше» – қыздар ауылы.

1-жүргізуші: Олай болса, екі ауылдағы өнерлі жас бозбалалар мен бойжеткендердің сәлемін қабыл алайық!

I кезең «Сәлемдесу».

«Баянауыл» – жігіттер ауылы «Ақсиса» әнін айта отырып, қыздар ауылына сәлем береді.

«Көкше» – қыздар ауылы «Дударай» әнін салып, ұлдар ауылына сәлем береді.

II кезең «Тарихын білген – алтын қор!»

2-жүргізуші: Өз тарихын білмейтін қазақ болмас демекші, енді осы кере-

меттей ауылдардың тарихына көз жүгіртсек.

Слайд көрсетілімі - «Баянауыл» ауылының тарихы туралы әңгіме.

Оқушы: Қазақтың ауыз толтырып айтатын, табиғатына тамсанатын, тамаша жерлерінің бірі — Баянауыл. Ол 1928 жылы құрылған. Баянауыл тарихы бастау алғанына 2 ғасырдан асып кетті. Қазақ халқының болашағын болжаған, дала данасы — Асан Қайғы бабамыз Баян тауын көргенде «Ат ерін алмайтын жер екен. Бір түней кетемін деген адам біржола түнеп қалады» деген екен. Баянауыл жері — көптеген ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың және қоғам қайраткерлерінің Отаны. Бұл даңқты Бұқар жыраудың, Шоқ бидің, XIX ғ. 2-жартысындағы және XX ғасыр басындағы композитор Жаяу Мұса Байжановтың, алғашқы қазақтан шыққан тарихшы, ағартушылардың бірі — Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің және қазақ әдебиетінің классигі, ақын, ағартушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, т.б. зиялылардың Отаны. Баянауылдан шыққан Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың орны ерекше. Сонымен қатар Ж. Аймауытов, Д. Әбілов, Қ. Исабай, халық артистері Ш. Айманов, алғашқы қазақ режиссері Ж. Шанин, т.б. кеңінен танымал.

Слайд көрсетілімі «Көкше» ауылының тарихы.

Көкшетау қаласының кірпіші 1824 жылы қаланды. Көкше ауылында атақты сал-серілеріміз дүние есігін ашқан. Атап айтар болсақ «Ақан сері», «Біржан сал» секілді «Сегіз қырлы, бір сырлы» аталарымыздың кіндік қаны тамған жері. Сол серілеріміз әндетіп, жырлатып, ел-елді аралаған. Сонымен қатар елге, жерге танымал «Бурабай» шипажайы. Бурабайды негізінен

Швейцарияға да теңеп, тіпті одан да асып түседі деп жатады. Бурабайда «Оқжетпес» тауы да көзге әсемділік, көркемділік танытады. Бурабайдың ауасы керемет тамаша. Көкшеге шет елдерден қонақтар келіп, тамсана, таңырқай қарайды. Сонымен байланысты «Айыртау», «Сарыарқа» өлкесі де Көкше ауылында. Бір сөзбен айтқанда Көкшеге келген де, келмеген де арманда!

Слайд: III кезең «Ата-бабалар мұрасы — ұлттық ойындар мен қолөнер».

Слайд: «Баянауыл» — жігіттер ауылының ұлттық ойындарын тамашалау.

Ұлдар: арқан тартыс, қазақша күрес, асық ойнау.

Слайд: «Көкше» — қыздар ауылының қолөнерін тамашалау.

Қолөнер, ою түрлері және қыздардың орындауында қазақ халқының «Қамажай» биі.

1. «Қошқар мүйіз» өрнегінің мағынасы туған жер төсін толтырған отар-отар қой деген халықтың арман-тілегін, молшылықты білдіреді;

2. «Қос мүйіз» оюы өмірде жұбы жазылмаған дегенді ұқтырады;

3. «Сұңқар мүйіз» оюы қонақжайлықты білдіреді;

4. «Тұйық оюы» қазақ халқының белгісі. Еліміздің көк байрағында, ел қорғаған батырдың иығы мен қалқанына, дуалы ауыз билердің жауырын тұсына салынған. «Тұйық оюы» бақыттың, достықтың, мәңгіліктің айғағы.

1-жүргізуші: Халықтың атадан балаға көшіп, жалғасып және дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, әдет-ғұрып, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі салт-дәстүр арқылы танылады. Салт — ха-

лықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Ауылдағы жастарымыз салт-дәстүрді қаншалықты біледі екен, назар аударайық!

Слайд: IV кезең «Өнерлі өрендер сыйысы!»

Слайд: «Баянауыл» жігіттер ауылы «Батырлар сыны!» көрінісін көрсетеді.

Слайд: «Көкше» ауылы қыздарының орындауында қазақтың халық биі «Қамажай».

Слайд: V кезең «Салт-дәстүрін білген – елін сүйген азамат!»

«Баянауыл» жігіттер ауылы:

1. **Слайд: Таған ойыны** – ат үстінде ойналатын футболға келінкірейтін спорт түрі. Допты атпен қуалап жүріп ойнайды.

2. **Слайд: Байғазы** – балалардың, жастардың жаңа киімі, қуанышты сәттерге берілетін сый. (Көрініс)

3. **Слайд: Тәбәрік** – біреу ойын, тойда бәйге, жүлде алса немесе құдалық салт-дәстүрде кәде болса, одан жанындағыларға үлес беруі керек.

4. **Слайд: Кәде** – айтта, ойын-тойда тағы сол сияқты ажарлы, базарлы, мейрамдарда берілетін сыйды немесе алымды айтамыз. Кәдеге тоқтау жоқ, дәлел жүрмейді, кәде беру – міндет. «Ат өлсе де, кәде өлмейді» деген атамыздан қалған аталы сөз бар. Той кәделері тойбастар, айттық, көрімдік, тәбәрік, жыртыс, сарқыт.

Көрініс «Тұсаукесер тойында».

5. **Слайд: Тұсаукесер** – сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып. Ол үшін арнайы ала жіп дайындалады. Сол жіппен баланың аяғын жылдам басытын адамға қидырады.

«Көкше» – қыздар ауылы.

1. **Слайд: Шілдехана** – өмірге адам келгенінің және оған қуанудың бір белгісі. Бала туғаннан кейін жан-жақтағы жақындарға сүйіншіге ат шаптырылады. Сүйінші сұраушылыр ұл туса «ат ұстар», қыз туса «көйлек тігер» деп хабарлайды.

2. **Слайд: Ат қою** – жаңа туған сәбиге ат қою – ерекше салтанатты ғұрыптардың бірі. Ат қоюға қазақ халқы ерекше көңіл бөлген. Сонымен бірге бала есімін жақсы, беделді кісілерге қойғызып батасын алады.

3. **Слайд: Жаңбыр шақыру** – бұл дәстүр құрғақшылық, әдетте, мамыр айында өткізіледі. Бұл шарада адамдар құрбандыққа мал шалып, 10-12 жастағы күнәсіз балалар Алла Тағаладан «жауын жау, жауын жау» деген тілектер тілейді. Құрбандыққа шалынатын малдың беті құбылаға қаратылып, қаны суға ағызылады. Құрбандық шалу кезінде жүгірген жүйрік, ұшқан құс, құрт-құмырсқа «Алла нұрынды бер» деп тілек білдірген.

4. **Слайд: Қазан шегелеу** – өздері жақсы танитын, әзіл-қалжыңы жарасқан адамдар бір-бірінің үйіне бас қосып барып, «осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Үй иесі әзілмен жауап қайырып жақсы болды ғой, қазан шегелегіш шебер іздеп отыр едік, деп қонақжайлық танытып, оларға қонақасы беріледі. Демек, «қазан шегелеу» қонақ бола келдік деген ұғымды білдіреді.

Көрініс «Әдепті бала – арлы бала, әдепсіз бала – сорлы бала!»

5. **Слайд: Әдеп** – «әдепті дегенше, әдемі десейші» үлкен-кіші болсын әдеп сақтау халықтық тәлім-тәрбиенің аса зор үлгілі, тәрбие ісіндегі қалыптасқан заңы, жолы бар ерекше қасиетті тәлімдік дәстүрі. Мысалы,

үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемей, ата алдындағы иба, сәлем беру, сыйлау, халқымыздың ертеден келе жатқан әдет әрі ғұрпы.

2-жүргізуші: Қазақ халқы — қонақжай әрі ырымшыл. Сонымен қатар ұлдарға да, қыздарға да салынған тыйым сөздер, яғни ырымдар бар. Сол туралы ауыл жастарымыздан құлақдар болсақ.

Слайд: VI кезең «Ырымдар жайлы не білеміз, ағайын...»

«Баянауыл» — жігіттер ауылы. Ұлдар:

1. Әкесі бар ұлға бас ұстауға болмайды — егер, бала бас ұстаса, әкесі өліп қалады деп тыйым салған. (Бас);

2. Кәрі жілік жеуге болмайды — себебі, жілікті тек қана үйленген әйел кісілер жейді деп ырымдайды. (Кәрі жілік);

3. Қызға қол көтермейді — себебі, қыздың жаны нәзік, болашақ жар, ана деп құрметтейді. (Қыз);

4. Сәби шалқасынан алаңсыз ұйықтаса, елге белгілі азамат болып өседі, бүк түсіп ұйықтаса, уайымшыл, ойшыл болады. Егер аяқ-қолын еркін созып ұйықтаса — болашақ батыр, кемеңгерліктің белгісі. Баланың желкесі шұқыр болса, немесе желкесінен сүйсе кесір болып өседі. (Сәби);

5. Үйленген ерлерге қайын енесінің үйіне шақырусыз баруға болмайды. Себебі: күйеу бала қайын енесінің шақыруын күтеді, егер шақырусыз барса, әдептілікке жатқызбайды. (Ер адам).

«Көкше» — қыздар ауылы. Қыздар:

1. Адам құлағы шуылдаса, жанындағы кісіден қай құлағым шуылдады? деп сұрайды. Ол дәл тапса «мені біреу мақтап жатыр екен» дейді. Таба алмаса «жамандап жатыр екен» дейді. (Мысал);

2. Ақты, сүтті, айранды төкпе, төксе

малдың желіні кетеді деп ырымдайды. (Ақ);

3. Тамақ үстіне келген адамға үй иесі «мақтап жүреді екенсің» деп риза болып қалады. Дастархан жиналып жатқанда келгенге «бізді жамандап жүреді екенсің» деп ескерту жасайды. (Көрініс);

4. Мал сатқанда оны ноктасымен не бас жібімен бермейді, малдың басы кемиді деп ырымдайды. (Бас жіп);

5. Жаңа айды көргенде «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп бата жасап ырымдайды. (Айға қарап);

6. Қалы үлкейіп кетпесін деп қалымен туылған баланы Қалдыбай, Қалдыгүл деп атайды. (Қал);

7. Ердің алдын кеспейді. Себебі: ер азаматтар қазақ халқында ерекше бағаланады. Батыр, ержүрек деп есептейді. Тіпті Құран Кәрімде де ердің алдын кеспеуді талап еткен. Ердің алдын кессе, жолы болмай қалуы мүмкін деп те ырымдайды. (Көрініс);

8. Қыз балаға жілік ұстатпайды — ұстатса тұрмысқа шықпай, оң жақта көп отырып қалады дейді. (Жілік).

VII кезең «Досы көпті жау алмайды!»

1-жүргізуші: «Досы көпті жау алмайды» дейді ата-бабамыз. Әрдайым достықта болайық. Достық биі ретінде алдарыңызда екі ауылдың жастары «Қара жорға» биін орындап береді!

VIII кезең «Бақытты балалық шақ!» атты слайд көрсетілімі.

(6-сынып оқушыларының суреттерін слайдпен көрсету)

IX кезең «Елім менің — Қазақстан!» (Қорытынды)

Слайд: Біз — салтын қадірлеген, дәстүрін сыйлаған, тарихын білген, мұрасын зерттейтін болашақ елдің асқақтаған асуларымыз!

Монтаж



1-оқушы:

Туған соң адам боп,
Білімсізден жаман жоқ.
Ел дәстүрін білмесең,
Жұрт айтады надан деп.

2-оқушы:

Ата-бабаң ардақты,
Жамандыққа бармапты.
Ардай тұтып үлкенді,
Ата жолын жалғапты.

3-оқушы:

Бауырласқан тәніміз,
Бұзылмаған антымыз.
Кең даланың ежелгі,
Қазақ дейтін халқымыз.
Өзге ұлттай біздің де,
Бар дәстүр мен салтымыз.

4-оқушы:

Тілім барда,
Қазағым бар, халқым бар,

Дәстүрім бар,
Ата жолы салтым бар.

5-оқушы:

Біздер бұрын көрмеген,
Салт-дәстүрім өлмеген.
Үйренеміз дәріптеп,
Заманымды өрлеген.
Ғұрпын сақтау — салтымыз.

Х кезең «Аманат». Слайд көрсетілімі:
«Еліміздің тарихы мол жерлеріне сая-
хат».

Гүлмира Жақыпқызы
МЕНЕТАЕВА,
Ж. Қизатов атындағы №23
мектеп-лицейінің
орыс тілі мен орыс әдебиеті
пәні мұғалімі.
Қызылорда қаласы,
Қызылорда облысы.

Жасай бер, жаса, үлкеннен Талдықорған!

Мақсаты: Оқушыларды Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласының тынысымен таныстыру. Туған өлкесі — Талдықорған қаласы туралы білімдерін молайтып, ой-өрістерін дамыту. Туған жерін, Отанын, халқын сүйге, адал еңбек етуге баулу, патриоттық тәрбие беру.

Көрнекілік: 1. Стенд «Жасай бер, жайна, Талдықорған»

2. Жетісу жауқазындары (кітап)

3. I . Жансүгіров әдеби мұражайы (буклет), кітапша;

4. Алматы облысының тарихи-мұражайы (буклет);

5. Талдықорған қаласы (альбом);

6. Талдықорған кеше және бүгін (буклет);

7. Талдықорған қаласына 154 жыл (слайд)

8. Жетісу Мемлекеттік Университеті (суреттер).

Барысы.

I . Ұйымдастыру кезеңі .

- Бүгінгі сыныптан тыс жұмыс «Қала күніне» арналады. Мерекелері-

ңіз құтты болсын, құрметті оқушылар, қонақтар, ұстаздар және ата-аналар!

Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.

II. Кіріспе сөз (әңгіме)

Талдықорған — келешегі кемел қала, сол үшін де қажырлы еңбек жалғасын таба береді.

III. Талдықорған қаласы туралы қысқаша түсінік беру.

Талдықорған саяси-географиялық маңызы зор қала. Ол Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінде Жоңғар Алатау бөктерінде орналасқан.

Талдықорған қаласының тарихы да Жетісу өлкесінің жарқын беттерінде өшпес. 1869 жылы құрылған Гавриловка селосы 1925 жылы Талдықорған қаласы болып қайта құрылды.

1944 жылы ол Талдықорған облысының орталығына айналды. 1997 жылы Алматы облысының құрамына кірді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 14 сәуірдегі Жарлығымен Талдықорған қаласы Алматы облысының орталығы болып жарияланды.

2022 жылдың 16 наурыз күні ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев парламент палаталарының біріккен отырысында Алматы облысын Жетісу және Алматы облысы болып екіге бөлуіне ұсыныс жасады. 2022 жылдың 4 мамырдағы ҚР Президент Жарлығына сәйкес 2022 жылдың 8 маусым күні Жетісу облысы құрылды.

Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы болып бекітілді.

Талдықорған қаласы теңіз деңгейінен 602 м биіктікте орналасқан.

IV. Әдеби-монтаж.

1-оқушы:

Тал мен гүлге көмкерілген
Әсем қала — Талдықорған.
Көркейе өсіп, желек жайған,
Жаңа қала — Талдықорған.

2-оқушы:

Күннен күнге көз қуантқан,
Қуанышым — Талдықорған.
Мен де ер жетіп, үлес қосам,
Арман қала — Талдықорған.

3-оқушы:

Талдықорған.
Талдықорған гүл жайнаған,
Ән ғой маған, жыр ғой маған.
Күлімдеген күні көкте,
Шуақ шашып тұр ғой маған.

4-оқушы:

Құшақтаған қалың орман,
Өмірімнің сәні болған.
Арман қалам бір өзіңнен
Туатындай таңым алдан.

5-оқушы:

Қызықтырмай қоймайтұғын,
Қарасаң көз тоймайтыным.
Сенсің — менің туған қалам,
Бір өзіңсің ойлайтыным.

6-оқушы:

Сұлулықтар келбетінде,
Сені бақыт тербетуде.
Ойлаймын мен сендей қала,
Болмайды деп жер бетінде.
Тоқтасын Сүгірбеков. 2005 жыл.

«Талдықорған» әні орындалады. (Сөзі мен әні Шүңет Дәулетхандікі)

7-оқушы:

Шұрайлы жасыл өлке — Жетісуым,
Көксу, Ақсу, Қаратал, Іле, Шуым.
Адамзат жан-жануар жер еркесі,
Желге — пана, елге — отын қалың нұым.

8-оқушы:

Жер жаннаты Жетісу — туған өлкем,
Кіндік кесіп, кірімді жуған өлкем.
Табиғаты — тамаша тұнған өлкем,
Сөз жетпейді ғаламат, сұлу көктем.

9-оқушы:

Жайнаған мың сан аң-құс атырабың,
Өрнектеген мөлдір су шар тарабың.
Алтын көпір секілді жалғап жатыр
Балқаш көл мен Жоңғардың Алатауы.

10-оқушы:

Жеті саны — қасиет, жеті шелпек,
Жеті қазына, жеті ата, жеті бермек.
Ірілі-ұсақ өзеннің есебі жоқ,
Аталған бірақ өлкем Жетісу деп.

11-оқушы:

Жетісу, кеудең асқар, аяғың көл,
Қоның құм, мықынында бар сексеуіл.

Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап,

Ол бір маң өсірген өлкедегі ел.

Илияс Жансүгіров.

Жетісу өлкесінің сулы да, нулы жанға жайлы екені баршаға мәлім. Қай ұлттың болмасын өз тарихы, мәдениеті, әдебиеті, салт-дәстүрі бар. Біздің халқымыз өзінің жерін, елін, тәуелсіздігін сақтап қалу жолында талай өткелдерден өтіп, қилы замандарды бастан өткеріп, артына өшпестей тарихи-мәдени мұраларын, ұлттық белгісін айғақтаған, ондай тарихи асыл қазыналарын ұрпағына мирас етіп отырғандығы тарихымыздан белгілі.

XIX ғасырдың бас кезінде-ақ патша өкіметі Жоңғар Алатауының етегінде жатқан Алматы, Талдықорған айма-

ғына көз тігіп, ішкі жақтағы орыстар мен украиндарды арнайы жарлықпен осы жаққа қоныс аудартты.

12-оқушы:

Отаным — егеменді Қазақстан,
Жарқырап атқан таңдай күн шығыстан.

«Жетісу — жер жаннаты» деп атанған,

Гүлдене бер, қаламыз — Талдықорған.

13-оқушы:

Қазақстан елімнің
Жетісудай жерімнің
Шежіресін сақтайық,
Татулық, бірлік сақтайық.

14-оқушы:

Бесеуі жеті өзеннің жылжып аққан,
Көк шалғын, жағалауы жайнап жатқан.

Жері байдың, елі бай деген шындық,

Сай-сала төрт түлікті малға толған.

15-оқушы:

Жер — ана, еңбек — ата, су — тіршілік,

Алқабы Талдықорған нұрын шашқан.

Өнімнің алуан түрін өндіреді,
Озаттар тілін біліп, сырын ашқан.

16-оқушы:

Болса-дағы елге әйгілі гүл қала,
Атана жаздап көк қонысты бұл қала.
Ұлы күш қолдап қайта болды орталық,

Едігедей елім дей келді Ер дана.

17-оқушы:

Ару қалам бой түзесін гүлденсін,
Әр жанұялар кірбендікті білмесін.
Азаматтар бір мақсатты бірлікте,

Тоздырмандар Туған елдің іргесін!

V. Қорытынды сөз.

Мұғалім: Осыдан 154 жыл бұрын Жетісу өңірінің орталығы Талдықорған атты қыстақтың уақыт өткен сайын сұлуланып, көріктеніп, еліміздің әсем қалаларының біріне айналғанын ол кезде әрине ешкім сезбеген еді. Өз тарихында екі рет облыс орталығы статусын иеленген шаһардың бүгінде сән-салтанаты жарасып, өнеркәсібі өркендеп, құрылысы қарқынды жалғасып келеді.

Қаламыз — тарихи өлке. Көп ұлттың өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жа-

тыр. Әсем де таза қаланың тұрғындары болғанымызды мақтанышпен айта аламыз.

Қала күніне арналған көрмемен таныстыру. Талдықорған кеше және бүгін (буклет), Рухани байлық (буклет), ЖМУ (слайд), Жетісу энциклопедиясы, нақыл сөздер, т.б.

«Өз елім» әні орындалады.

Д. СЕЙІТҚҰЛОВА,

«№12 орта мектеп-гимназия»

КММ бастауыш сынып мұғалімі.

Талдықорған қаласы,

Жетісу облысы.

Қазақ тілі: тарих шырғалаңынан тәуелсіздік шыңына

Кештің мақсаты: Қазақстанның жер қойнауы шикізат қорына қандай бай болса, қазақ тілінің де адамзат баласына берер байлығының мол екендігін ұғындыру. Ана тілін сүйе білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Барысы:

Шашу биі. *(Ортаға бір топ бишілер шығып билей жүріп шашу шашады)*

Қазақ тілі туралы даналардың айтқан нақыл сөздері айтылады:

«Сарыарқа» күйі орындалады.

1-оқушы:

Туған тілім — тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.

2-оқушы:

Туған жерің — түп қазығың,
айбының,

Туған тілің — сатылмайтын
байлығың.

3-оқушы:

Тілім, дінім — мақтанышым,
шаттығым,

Үнім барда пәк көңілде жоқ мұным.

4-оқушы:

Қазақ болып қазақ тілім болмаса,
Не етемін өзге тілдің көптігін.

5-оқушы:

Қазақ тілі — жүректегі қанымыз,
Қазақ тілі — ауыздағы нәріміз.

6-оқушы:

Бабалардан қалған мұра,
қазағымның кешегісі, бүгінгісі,
ертеңгісі — қазақ тілі. Олай болса,
Қазақ тілі: тарих шырғалаңынан
тәуелсіздік шыңына атты кешімізге
қош келіпсіздер.

Ортаға жүргізушілер шығады.

1-жүргізуші:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бак ардың,

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың.

2-жүргізуші:

Қазақ тілі — дүние жүзіндегі ең бай, беделді де, бейнелі тілдердің бірі.

Өткірдің жүзі,

Кестенің бізі,

Өрнегін сендей сала алмас, - деп ұлы Абай атамыз таңырқап, тағзым еткен қасиетті тіліміздің ахуалына алаңдап жүрген аға-апаларымыз бүгін біздің ортамызда.

Қонақтармен таныстыру.

1-жүргізуші: Қазақ тілі талай тарихтың шырғаланына оралып, бізге жеткен. Туған жеріміз — Қазақстан болса, онда қазақ тілінің мәртебесі биік болуы шарт. Осы орайда өткізіліп отырған «Қазақ тілі: тарих шырғалаңынан тәуелсіздік шыңына» атты кешімізді ашуға сөз кезегі мектеп директорына беріледі.

1-оқушы:

Тіл мен Ұлт —

Егіз деп ұқ бұларды.

Ұлт — бәйтерек,

Тіл — нәр берер құнары...

Ана тілін,

Ұлттық қаны болса егер,

Таскерен де, саңырау да ұғады.

2-оқушы:

Ана тілі —

Тілі ананың бұл туған,

Қолдап, демеп,

Сүріндірмес бір сыннан..

Әке көрген,

Ананы емген мылқау да,

Ана тілмен ымдап ойын ұқтырған..

3-оқушы:

Туған тілді

Ту ғып көкке көтердім,

Жолын кессін ішмезердің, кеселдің!

Жан-жүрекпен,

Ар, тілекпен ұғып жүр,

Тілге құрмет — Ұлтқа құрмет екенін!..

4-оқушы:

Тіл менен Ұлт —

Егіз деп ұқ бұларды:

Ұлт — бәйтерек,

Тіл — нәр берер құнары..

Тіл қорланса,

Ұлт намысы тапталар,

Тілді қорғау — Ұлтты қорғау бұл әрі!

«Анамның тілі — аяулы үні» әні хормен орындалады.

1-жүргізуші: Қазақ халқы ежелден-ақ тіл қадірін біліп, ақылды сөзге бағындыра алған. Шешендерден шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз өзара ұйқасып жатады. «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары мен білімі бар». Келесі кезекте шешен дүлділдердің сөздеріне құлақ түрсек.

Ортаға Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би Шойынбет би, Абыл ақын шығады.

Абыл ақын

(Қобызбен күй орындалып тұрады)

Абыз айтып отырушы еді, деп айтып отыратын бір сөз айтсаңызшы.

Ата-ананың қадірін

Балалы болғанда білерсің.

Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Балалықтың қадірін
Саналы болғанда білерсің.
Асыл менен жасықты
Бағалы болғанда білерсің.
Бостандықтың қадірін
Жабылғанда білерсің.
Қалтандағы ақшанды қағылғанда
білерсің...

Отыз тістің қадірін қақсағанда
білерсің.

Екі аяқтың қадірін ақсағанда
білерсің.

Білгенінді сөйлеп қал,
Білгендерден ғибрат ал.

Уа, Шойынбет.

Дәулет артық па?

Бақ артық па?

Өнер артық па?

Тіл байлық артық па?

Шойынбет:

Дәулет — қолдың кірі жусаң кетеді.

Бақ — сел-көшкін уақытпен
өлшенген.

Өнер — ризық, несібе таусылмайтын.

Тіл байлық — ізгілік мұрат,

Ұрпаққа сөз қалдыратын.

Бүгін кейінгі ұрпаққа айтып жүрсін,
көңіліне түйіп алсын деп ғибрат сөздер
айтқалы келдік. Олай болса Нұртуған
жырау, сен не демексің?

Терме: «Қанекей, тілім, сөйлеші»

Төле би:

Уа, халайық!

Көсіле шабар жерің бар,

Тау көтерген елің бар,

Қол бастайтын ерің бар,

Атадан қалған сара жолың бар

Сөз қадірін біліндер.

Қазыбек би:

Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай
жатқан елміз.

Елімізден құт-береке кашпасын
деп,

Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.

Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.

Әйтеке би:

Тамыры суда тұрса да,

Уақыты жеткенде

Қурамайтын құрақ жоқ.

Тек жақсыдан өлмейтұғын сөз
калады,

Қазақ сөзі қашан да даланың қоңыр
желіндей

Аңқылдап есіп тұрады.

Қазақ елінің биязы үні

Домбыраның күмбір қаққан
сазындай,

Асқақ әуенділігі шырқап қалар
әуендей.

Жүргізуші:

Дұрыс сөйле, шала қазақ атанба,

Өз тілінде сөйлеп кеткен атаң да.

Қадірлей біл тілің менен дініңді,

Саған берер менің осы батам да.

**Ортаға Ыбырай, Абай, Ахмет,
Бауыржан шығады.**

Абай:

Буынсыз тілің,

Буулы сөзің

Әсерлі адам ұғылына.

Кісінің сөзін

Ұққыш-ақ өзің,

Қисығын түзеп тұғырға.

Сезімпаз көңіл

Жылы жүрек

Таппадым деп түңілмес.

Бір тәуір дос

Тым-ақ керек,

Ойы мен тілі бөлінбес.

Ыбырай:

Ей, достарым, жігіттерім,

Болмасқа болушы болма.

Қолыңнан келсе қыл қайыр,

Кісіден алушы болма.

Жақсының жүзі жендетті -

Бір көрудің ғанибетті.

Жаманның ісі міндетті -

Зер берсе алушы болма.

Ақылсыз дастан, ақылды дұшпан
артық.

Дұшпаныңнан бір сақтан!

Сырты майда іші қан,

Ел ішінде жар — жора,

Достарыңнан бір сақтанғанда, мың
сақтан!

Ахмет: Тілдің міндеті — ақылдың
андауын аңдығанша, қиялдың
меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін
түйгенінше айтуға жарау.

Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз
мағынасы сәйкес болуы шарт.

Бауыржан:

Жылататын да, жұбататын да — сөз.

Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан
толастамақ емес.

Тіл дегеніміз қай халықтың
болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры
емес, бірсүгінгі де тағдыры.

Жүргізуші: Қазақ тілінің негізін
қалаушы Ахмет Байтұрсынов атамыз
тіл мен қоса қоршаған ортадағы
сан қилы жат әдеттерді тілге тиек
еткен. Келесі кезекте сондай
шығармаларының бірі «Бақа мен өгіз»
аудармасына назар аударайық.

«Бақа мен өгіз» қойылымы қойылады.

Жүргізуші:

Қасиетің ана тіл, жазығың не сенің?
Өзің бар да ескірмес, тозбас елім.

Сен болмасаң, ұлы Абай ақын
болып,

Мұқағали отты өлең жазбас еді.

Жүргізуші: Иә, теңдік, бостандық,
тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ.
Қаншама асылдарымыз құрбан болды.
Солардың бірі қараңғы қапастың қак
төрінде сескенбей елім, тілім деп
жырлаған Қайрат Рысқұлбеков еді.

«Менің тілім өлмейді» көрінісі.

Тергеуші: Не туралы оқып отырсың?
Бүгін жазаланатын күнің, білесің бе?

Қайрат: Білемін. Ана тілі туралы
өлең оқып отырмын.

Тергеуші: Айтар ақтық сөзінді айтып
қал.

Қайрат:

Мен қазақпын, мың өліп, мың
тірілген.

Құшақ жая қарсы алдым сан
тіліммен.

Жаман үйді қонағы билейді деп,
Қала жаздап айрылып өз тілімнен.

Өзге елге еліктеп ел болмайық,
Қазағымның артық жоқ өз тілінен.

Тергеуші: Әй, оңбаған, шынынды
айт! (Қағазды көрсетіп) Түсінігінді
орыс тілінде жаз.

Қайрат:

Мойныма алдым жаланы,
Болсын халық алғысы.

Бөтен қолда кетпесін,
Туған жердің намысы.

Тергеуші: Әкетіндер! Атындар!

Монолог оқылады.

Жігітті жастық шақта еркі жеңер,

Сеніммен ұстамаса сертін егер.
Аллаға құл, адамға ұл болу ғой,
Намазға келіп түйіссе қос тізелер.
Ақын намаз оқыса хақты танып,
Алдымен аузындағы сөз түзелер.
Он күнәнің тоғызы тілден деген,
Сөз түзелсе, бұйырса ел түзелер.
Ештеңені тіліп айтпас тіл секілді,
Туған тілім жырлайын бір шетінді.

Желісін ғасырларда жел үзбеген,
Тарих пен тағылымды егіз көрем.
Кешегі Кенесары тұлпарына,
Доңыздың басқан шөбін жегізбеген.
Тектіліктің үлгісіндей Зере әжеміз,
Құнанбайды дәретсіз емізбеген.
Атаның бойындағы тазалықтан,
Абай туды тектілік негізбенен.

Отан сүю ондағы иманнан деп,
Айтқаны бабалардың шын секілді.
Келмейді қазағыма сырттан қайғы,
Сырттағы елге өзі де сұқтанбайды.
Алдын алып көрмеппіз аурудың,
Дертіне дер кезінде құлықтанбайды.
Есіріп есі кеткен жас буындар,
Ертең ұлық болғанда, ұлтты алдайды.

Жастарда тәрбие — тәлім болмай,
Жұлдызы жанып тұрған жұрт болмайды.

Ағаштың да діңгегін әктеп тұрсаң,
Өріктің сүйегінде құрт болмайды.

Адалдықтың аспанында бұлт болмайды,

Арамның ауласына құт қонбайды.
Жүрегінде иманы жоқ адамның,
Жүрген кезде табаны нық тұрмайды.
Аллада адамдарды алалау жоқ,

Сауап қылсаң, тәубе қылсаң,
күнәңнан түк қалмайды.

Бара алсаң адалдықтың ақ жолымен,
Пейіштің есігінде құлып болмайды.

Жүргізуші:

Алтын бесік — ағайын, жұрттуғаным,
Дос байыса қыза түсер думаның.
Барлық ұлттың өкілдері жарасып,
Асырайық іс жүзіне тіл заңын.

(Ортаға ұлт өкілдері шығады)

Қазақ:

Сағындырған ана тілім, армысын,
Сағындырған ана тілім, бармысын.
Осы тілде барлық ұлтым ұғысқан,
Осы тілде талай жүрек табысқан.

Орыс:

Қазақ тілім — адам тілі — өз тілім!

Өзбек:

Қазақ тілім — ана тілі — өз тілім!

Қырғыз:

Қазақ тілім - бабам тілі — өз тілім!

Қытай:

Қазақ тілім — дала тілі — өз тілім!

Украин:

Қазақ тілім — тәуелсіздік, елдігім!

Түрік:

Қазақ тілі — мақтанышым,
шаттығым.

Қазақ қыз:

Қазақ тілім — сөз байлығың
молынан,

Тусың мәңгі ай мен күнің оңыннан.
Қазақ тілі деп тебіренген өзге ұлт,
Ерейікші бүгінгі күн соңынан.

«Атамекен» әні орындалады.

Жүргізуші:

Туған тіл туралы таң атыра айтсақ
та артық болмас. Егер сен қазақ бола
тұра, өзге тілде сөйлесең өзге ұлттан
айырмашылығың не? Жастарымызды,

құрбы-құрдастарымызды қазақ ұлты екендігімізді айқындайтын қазақ тілінде ғана сөйлеуге шақырамын.

Жүргізуші:

Бүгінгі кешке қадірменді қонақтар шақырылып отыр. Ендігі сөз кезегі қонақтарға беріледі.

Жүргізуші:

Туған тілде сыры терең жаным бар,
Туған тілде әнім менен сәнім бар.

Жүргізуші:

Туған тілім тіл болудан қалса егер,
Жүрегімді суырып-ақ алындар.

Бүгінгі кешімізге келгендеріңізге рахмет! Жақсы күндерде жолыққанша, ағайын!

А. ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
Райымбек батыр атындағы №50
«Қазғарыш» мектеп-лицейінің
кітапханашысы.

Г. АЛДАБЕРГЕНОВА,
Райымбек батыр атындағы №50
«Қазғарыш» мектеп-лицейінің қазақ
тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.
Астана қаласы.

Біз өмірді таңдаймыз

Мақсаты:

- 1) Темекі және ішімдіктің зиянын оқушыларға түсіндіру;
- 2) Осы зиянды заттардың салдары туралы білімін кеңейту;
- 3) Қазіргі қоғам талабына сай салауатты білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Көрнекілігі: түрлі ұранды сөздер, суреттер.

Барысы.

Жүргізуші: Өмір — сыйлық. Өмір — жарық. Өмір — сәуле. Осы нұрлы әлемді әсем гүлді баққа айналдырып, жан дүниесін қуанышқа бөлеу — әрбір адамзаттың табиғат алдындағы парызы. Алайда, қазіргі таңда мына адамзат өмірінде, қоғамда түрлі жағдаяттар орын алуда. Осы тұрғыда сыр шертуге ортамызға Шындықты шақырамыз!

Шындық:

Мен қорқамын,
Темекінің тұтқыны болған жастардан.

Мен қорқамын,
Ішімдіктің құрығына түскен жандардан.

Мен қорқамын,
Зиянды затқа құмар боп,
Денсаулықтан айрылған мына қауымнан.

Жеткіншек. Иә, бұл — ащы шындық. Алайда, қазіргі қоғамға қарап, жастардың барлығына бірдей кінә тағуға болмайды. Кемел келешектің кілті жүректе екендігін сезетін қайратты жастар қашанда жақсылыққа ұмтылады. Ал сонда орта және егде шақтағы өміріне балта шапқан азаматтарымызды қайтеміз, кінәліні іздегенше, біріге жол табалық. Қоғамның өзіне баралық.

Жеткіншек: Қоғам, өзің қоршаған ортаның иесінің, алайда зиянды заттарды неге қумайсың бұл ортадан, өзіңнің дамуына дені сау, құрыш білекті, ақылды ұрпақ қажет емес пе?

Шындық: Жас жеткіншек, меніңше бұл жерде шынайы көзқарас қажет. Жалпы қоғамның дамуына қаржының зор пайдасы бар. Ал, темекі мен арақ үлкен пайда әкеледі.

Қоғам: Адам анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары. Сонымен бірге білсем, көрсем екен дейді. Бұлар — жан құмары.

Демек, өз қызығушылығын пайдасына емес, залалына қарай бұрып, күш-қуатын төмендетіп, оң-солды ажырата білмеген адамзат ендірі қоғамға мұндай зиянды заттарды.

Жеткіншек: Жалпы ішімдік пен темекінің таралу тарихы мені қызықтырып тұр. Білуге құштар жарандар, қане тарихқа соғалық.

Тарих: Темекінің елі Америка болып табылады. Американы ашқаннан кейін темекі Еуропада кеңінен тарала бастады. Колумб және оның достары 1511 жылы Табаккос атымен темекіні Испания және Португалияға әкелді. 1560 жылы Францияның елшісі Жан Никот Франциядағы сарайға «шипә беретін өсімдік» деп темекінің тұқымдарын алып келеді. Темекі Франциядан Алманияға, содан кейін бүкіл дүниежүзіне тараған. Никоттың құрметіне темекінің ішіндегі уға никотин аты берілген.

Ішімдікті де адамзат өз қолымен жасаған. Арпа, жүзім, құрғақ инжір, қант құрағы, қант қызылшасы, түрлі жемістерді ашыту барысында сыра, шарап,

және түрлі спиртті сұйықтар пайда болған.

Шындық: Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры да, бірқалыпты тұрмайды. Енді көңіл қайдан бірқалыпты болады! Бірақ осы жалығу деген әр нені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын бәрінің баянсызын біліп жеткен адам ғана ойлы болады. Сонда адамзат атауы ішімдік пен темекінің зиянын, мәңгі емес екендігін түсініп, жалығып қалайша адал жолға түспейді?. Мұны білу үшін ішімдікке Тәуелдіні, Темекінің тұтқынын шақырайық.

Тұтқын: Қазір мен бұл темекінің құбанымын, бастапқыда менің тұла бойымда қызығушылық оянды, содан кейін жора-жолдастарымның арасында өзімді дербес етіп көрсеткім келді. Мұнан соң өзімнің жігерім таусылып, темекісіз күн кеше алмайтын жағдайға жеттім.

Қоғам:

Кеселді жалқау, қылжақбас,

Әзір тамақ, әзір ас,

Сыртың — пасық, ішің — нас,

Артын ойлап ұялмас, - деп, Абай атамыз айтқандай алдының — жөн, артының — соқпақ болатынын білмейтін өңшең жастар өмірлерін құрбан етіп жатады, Ал бұған ішкіліктің жолына түскен Тәуелді не айтар екен?

Тәуелді: Шынымды айтсам, мен жастайымнан күш-қайратымның төмендігіне байланысты үнемі қиындықтан оңай құтылудың жолын іздейтінмін, өсе келе өмірдің ауыртпалығы, үлкенді-кішілі проблемалар, шаршап-шалдығу, қаржының жетіспеуі күйзеліске әкеп соқтырған соң, барлығын ұмыту үшін ішімдікті бастадым, содан

кейін құмарлығым арта түсті, ішімдіксіз өмір сүре алмайтын дәрежеге жеттім.

Шындық:

Темекі тамырынды тарылтады,
Ішкілік ар-ұяттан арылтады.

Арақпен жақындасып достасқаның,
Жұрдай боп адамдықпен қоштасқаның

Адасқанның алды — жөн, арты — соқпақ,

Өткеніне өкініп, жоқты жоқтап.
Нақұрыстық, азғындық басқа келер,
Ойланбасақ егерде сөзге тоқтап.

Қоғам:

Денсаулық кашаннан да алтынға тең,

Болады болашағың жарқын да кең.

Андамай жақын болсаң арсыздықпен,

Ойланып, көп тасымай ақылға кел.

Жеткіншек:

Одан бақыт тараған,
Риза оған бар адам.
Жүрек емін іздеген,
Соған ғана бара алған.

Дертке дауа іздейді,
Ізденісті үзбейді.

Ақ желеңді ақ пейіл,
Жамандықты тізбейді.

Ол кім? Ол — дәрігер.

Еліне саулық тілеп, үнемі толғаныста жүретін дәрігер ақ ниетімен қонаққа келді.

Дәрігер:

Өмір, өлім — табиғаттың екі шеті іспеттес,

Өмір тәтті, өлім ащы, бір-бірінен тыс кетпес.

Өлім залым шұбар жылан секілді,

Оралса кеп мойнына, құтылуға күш жетпес.

Сірә, темекі мен ішімдіктің зала-лынан Ағза үлкен жапа шекті, осы бір ауыр күйін өзі шертсін.

Ағза:

Дерттердің түрлері бар мыңнан асқан,

Кейбірі жабысады бала жастан.

Асқазан, бүйрек, бауыр, өкпелерің,
Дерт шалып қабынады жаман астан,
Жаршысы денсаулықтың «Дерт пен

дауа».

Бұзылып уға айналды су мен ауа,
Жер ана сортаң басып еңірейді,
Пендеме табылар деп қайдан сая.

- Міне, осылайша Жер ана қайғыға батқан шақта адамзат өз қолымен өз өміріне балта шабады, Темекінің маған, ағзаға тигізер зияны орасан: бауыр қабынып, кеңірдекке қатерлі ісік пайда болады, жүрек аурулары, тістің түсуі, арқа және бел аурулары, өкпе дағы сияқты аурулар болуы мүмкін. Ал, ішімдік ағзаның жүрек, бауыр, бүйрек, асқазан, жүйке жүйе сияқты мүшелеріне әсер етіп, түрлі аурулардың қозуына әкеліп соқтырады.

Шындық: Маскүнемдік — аз уақыт ішінде тез әдетке айналатын аурудың бір түрі. Ішімдікті белгілі мөлшерден тыс қолданған адам жұмысын жедел түрде істей алмай, соңында жұмыссыздыққа топ болады, бүкіл жауапкершіліктен қашып, жанұямен қатынасы нашарлайды, өз-өзіне ие болмай, көптеген қылмыстық жағдайларға, жол апатына ұшырау қаупі бар.

Жеткіншек:

Денсаулықтың майданында — айкастар,

Өмір үшін болып жатыр шайқастар.
Күнделікті жұмыстары — батырлық,
Мақтауға да, айтуға да татырлық.

Денсаулық жақтаушысы, Дәрігер, қоғамдағы мұндай зиянды заттардан арылудың жолдарын еліңе паш ет.

Дәрігер:

Мұндай жағдай кездеседі жүздеген, Құрғамайды қысы жазы күздеген. Ауырғандар, қиналғандар өте көп, Жанға шипа дәрігерден іздеген.

Дерт те көп, дауасы жоқ емделмейтін,

Пенденің дегенімен жөнделмейтін.

Бірақ та іздеуде емін абзал жандар,

Болса деп армандайды пенде өлмейтін.

Тәуелді де, Тұтқын да өздері және жақындарының жапа шегуіне жол беріп келеді. Өмір — әсем, әрі нұрлы екендігін ұмытып, өмірді емес, бізге беймәлім тұңғиықты тандап алды. Дегенмен, мына аласапыран дүниеде өмір мен өлім арасындағы шайқаста барлығымыз біріге өмірді тандауымыз қажет. Ішімдіктен емделудің бірнеше жолдары бар:

1) Психотерапия. Бұл емнің мақсаты — маскүнемнің ішімдіксіз өмір сүре алатындығын сезіндіру.

2) Түрлі дәрі-дәрмектер. Теория бойынша алкогольизм генетикалық түрде кейбір витаминдерге деген қажеттіліктің артуынан пайда болады, осыған орай кейбір емдеу кездерінде маскүнемдерге күшті витаминдер беріледі.

3) Алкоголизмді емдеуде қолданылған әйгілі жолдардың бірі «Дисульфам». Мұны даниялық Эрик Жакобсон 1948 жылы тапқан, бұл дәріні бақылау арқылы қолданған соң, ауруға біраз алкоголь беріледі. Аурудың бойындағы дисульфам алынған алкогольдан кейін іш өтуіне, құсуға, қан

қысымының жедел төмендеуіне, жүрек айнуының жиілеуіне, яғни өлермендей болу сезімін ояндырады. Ал, темекіні тастау үшін адам жан дүниесіндегі бар күш-жігерді жиып, ойын басқа да тиімді әрекеттерге бөліп, яғни ой еңбегі мен дене еңбегін дамытып, жаңаша өмірді бастауы қажет.

Тәуелді:

Өтіп жатыр өмір, шіркін, құбылып,
Кейбіреулер тойынғаннан құтырып.
Кейбіреулер темекі мен арақтан,
Балта шапты өмірін мәңгі қыйып,
Түсінгенге өмір, шіркін, мың жұмбақ,

Тойымы жоқ, қызығы мол —

Тым қымбат.

Сыйласандар,

Қонағыңды күткендей,

Тірлік бес күн,

Кетпей одан кім тұрмақ?

Тұтқын:

Денсаулық — өмірдегі басты байлық, ендеше деніміздің саулығына зиянын тигізер заттардан аулақ жүрейік. Сол кезде ғана біздің келешегіміз кемел болмақ.

Жүргізуші:

Өмір тәтті бал екен,

Ұрпағы балғын тал екен.

Денсаулық бұл пәниде,

Алтыннан қымбат-ақ екен.

Біз өмірді тандаймыз,

Біз өмірді қалаймыз.

Әрқашан бар ынтамен,

Салауатты қолдаймыз.

Ж. ӘЖІБАЕВА,

№8 орта мектебінің мұғалімі.

Қызылорда қаласы.

Қызықты математика әлемі

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушылардың алған білімдерін тиянақтау;

2. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, математикалық біліктерін есептеу дағдыларын жетілдіру;

3. Оқушылардың алға қойған мақсаттарына жетуге, мәдениетті қарым-қатынас жасауға, нәтижеге жетуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, сұрақтар, сызбалар.

Мұғалім: Қазір біз осы уақытқа дейін алған білімдерімізді көрсетіп, тапқырлығымызды ортаға салайық!

Ортаға сайыскерлерімізді шақырамын.

Бәйгеге түсіп жарыспай,
Жүйріктің бағы жанар ма?
Бұл бәйге ойдың бәйгесі,
Кім жүйрік ойға, сол алда, - дегендей, ойын жарыс түрінде өтеді.

I бөлім. Таныстыру. (Әр топ өз атын, ұранын айтады)

II бөлім. «Бәйге». (Әр топ 10 сұраққа жауап береді)

1. «Тапқырлар» тобына:

- 1 аптада неше күн бар? (7)
- Бір жағы тұйықталған сызық? (Сәуле)
- 1 сағатта неше минут бар? (60 минут)
- Азайту амалы қосу амалына қандай амал (кері)
- Барлық қабырғалары тең тік төртбұрыш (шаршы)

6. 7 ондықты ата (70)

7. Ұзындықтың бірліктерін ата (кг, дм, см, м)

8. $4+6$, $6+2$ бұл не? (Өрнек)

9. Жеті ондық, сегіз бірлік (78)

10. 1 тоннада неше кг бар? (1000 кг)

2. «Дарын» тобына:

1. 1 жылда неше ай бар? (12)

2. 1 дм-де неше см бар? (10 см)

3. Екі жағы тұйықталған сызық (кесінді)

4. 1 ғасырда неше жыл бар? (100 жыл)

5. Доғал, сүйір, тік нелер? (Бұрыштар)

6. Периметрді қалай табамыз? (Барлық қабырғаларын қосамыз)

7. Масса бірліктерін ата (кг, ц, г, т)

8. Қосудың компоненттерін ата (қосылғыш, қосқыш, қосындының мәні)

9. 1 метрде неше дм бар? (10 дм)

10. 1 километрде неше метр бар? (1000 метр)

3. «Алғырлар» тобына:

1. 1 тәулікте неше сағат бар? (24 сағат)

2. 8 ондықты ата (80)

3. Азайтудың компоненттерін ата (азайғыш, азайтқыш, айырманың мәні)

4. 1 мүшел неше жыл? (12 жыл)

5. Қосудың қасиеттерін ата (терімділік, ауыстырымдылық)

6. Жарты ғасырда неше жыл бар (50)

7. $X=30+5$ бұл не? (Тендеу)

8. Қарама-қарсы қабырғалары өзара тең геометриялық фигураны қалай атаймыз? (Тік төртбұрыш)

9. Уақыт бірліктерін ата (минут, секунд, сағат)

10. Екі жағы да тұйықталған сызық (түзу)

III бөлім. «Қызықты фигуралар»

Үшбұрыштар: 10 20 30

10 15 пен 7 сандарының қосындысына 4-ті қос. $(15+7)+4$

20 Үшбұрыштың қабырғалары 5 см. Барлық қабырғасының қосындысын тап. $5+5+5$

30 Бір бумада 32 дәптер бар, екіншісінде бұдан 10 дәптерге аз. Екі бумадағы дәптерлер санын тап. $32-10=22$
 $32+22=54$

Төртбұрыштар: 10 20 30

10 76-34 айырмасының мәнін тап (42)


20 Тік төртбұрыштың ұзындығы 4 см, ені 2 см. периметрін тап.

30 $X-38=32$ тендеуіндегі x -тің мәнін тап. $32+42=80$

Шаршы: 10 20 30

10 2 тәул. 7 сағ* 2 тәул 6 сағ салыстыр

20



Доғал бұрышты ата.

30 Сыныпта 12 ұл бар, ал қыздар одан 6-ға аз. Сыныптағы оқушылардың саны.

$12-6=6$ $12+6=18$

IV Бөлім. «Кім ойшыл, кім тапқыр?»

1. Жеті ағайынды ұлдың бір-бірден қарындасы бар. Жанұяда неше адам бар? (8)

2. Түйе құс екі аяғымен тұрғанда 15 кг, бір аяғымен тұрғанда қанша килограмм болады? (15 кг)

3. Екі адам тоғызқұмалақ ойынын 2 сағат ойнайды. Әр қайсысы неше сағатта ойнайды. (2 сағ)

4. Ағашта 5 қарға, 3 сауысқан отырған еді. Барлық сауысқан мен қарға ұшып кетті. Неше қарға қалды? (0)

5. Бес бұтақты ағашта

Бұтақ сайын бес алма

Біреуін бер Асанға

Қалды сонда неше алма

6. Аулада бес үйрек,

Қорада үш үйрек.

Бір үйрек тығылды.

Бір үйрек жығылды

Қалғаны неше үйрек

Сайысты қорытындылау.

Мұғалім: Балалар, біз жарысымыздың мәресіне де жеттік әділ қазылар алқасынан бүгінгі жарысымыздың бағасын естиміз. Жоғары ұпай алған топ жеңімпаз атанады. Сөз кезегі әділқазылар алқасына беріледі.

Индира Дабылқызы

ӘЛІШБАЕВА,

Шахта орта мектебінің бастауыш

сынып мұғалімі.

Түпқараған ауданы,

Маңғыстау облысы.

Мамандық таңдау — маңызды іс

Білімділік мақсаты: Оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту;

Дамытушылық: оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз-өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру

Тәрбиелік: мамандық таңдау мәселесін белсенді арттыру, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

Міндеті:

Мамандықтарды талдай және таңдай білуге үйрету;

Оқушыны өзінің қабілетін, бейімін, қызығушылығын мамандыққа сай тани білуге үйрету;

Оқушылардың бағдары мен құндылықтары туралы мәлімет беру;

Оқушылардың құптап отырған мамандықтарына бағыт беру.

Көрнекілігі: мамандық түрлеріне байланысты суреттер, қанатты сөздер, слайдтар.

Түрі: Кездесу

Барысы.

Жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ұстаздар, оқушылар. Бүгінгі

ұйымдастырылып отырған «**Мамандық таңдау — маңызды іс!**» атты кездесу кешімізге қош келдіңіздер!

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500-ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен. Олардың ішінен өзімізге қажеттісін қалай таңдауға болады? Біз олардың қаншасы туралы білеміз? Мамандық таңдауда нені бағдар ретінде алуға болады? «Мектеп бітіргеннен кейін кім боласың?» деген сұрақтарға мектеп оқушыларының көбісі нақты жауап бере алмайды. Шындығына келгенде мамандық таңдау мәселесі әсіресе біздің қоғамымыз нарықтық қатынасқа көшіп отырған жағдайда өте күрделі мәселе. Жақын арада әрқайсыңыз мамандық таңдау мәселесіне тап боласыз және өздеріңіз білетіндей 10-сыныпта бағдарлы оқыту сыныбына көшесіз. Бүгінгі кешімізде біз осындай маңызды тақырыптарға тоқталамыз, мамандық, болашақ таңдайтын бағдарымызды таңдау стратегиясы жөнінде, кәсіби өмірлік бағытты жобалау туралы әңгімелейтін боламыз. Мамандық таңдау кезінде ескерілетін факторға тоқталамыз және дұрыс шешім қабылдауды үйренеміз. Бұл ретте бүгін бізге өз ойларымен бөлісіп, тың пікірлері мен ақыл-кеңесін айтуға шақырулы қонақтарымыз келіп отыр. (Қонақтармен таныстыру)

Ендеше, қонақтарымызға «Қош келдіңіздер!» дей отырып, бүгінгі кешімізді бастаймыз.

Араларыңызда кейбіреулерің ендігі қандай маман иесі болатыныңызды, қандай бағытта, оқу орнында оқитыныңызды анықтаған шығарсыз және де өздеріңнің болашақ кәсіби қызметтеріңді жақсы білетін де шығарсыз. Дегенмен де өз таңдауыңды тағы бір тексерген артық етпейді, таңдаған мамандығыңыз шындығында өзіңізді жетілдіруге мүмкіндік бере ме, сол жөнінде ойлануға кеш емес. Бұл әңгіменің тақырыбы әлі шешімін қабылдай алмай күмәнданып жүрген және бағдарын таңдай алмай жүрген оқушыларға маңызды болып табылады. Ендеше қонақтарымызға сөз кезегін берейік.

Қонақтар пікірлерін айтады.

(Мамандық туралы түсінік, презентация, т.б.)

Жүргізуші:

Екі ішектің бірін қатты, бірін сәл-сәл кем бұра,

Нағыз қазақ — қазақ емес,

Нағыз қазақ — домбыра, - деп домбыраға кезек берейік.

«Адай» күй орындалады.

Жүргізуші:

1. Оқушылар бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңіз қандай?

2. Осы кәсіптік бағыт бағдар беруге келген қонақтарға сұрақ болса қоялық.

Оқушыларға мынадай бір пайдалы мәлімет.

Мамандық таңдауда мынадай бір формула бар:

«ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ — ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН — ҮЙРЕНУ КЕРЕК».

ҮЙРЕНГІМ КЕЛЕДІ — бұл талап-

тілектің, мақсат пен мүдденің, ынта мен ықыластың кеңістігі;

ҮЙРЕНЕ АЛАМЫН — қабілет-қарымның, таланттың, денсаулықтың кеңістігі;

ҮЙРЕНУ КЕРЕК — еңбек рыногындағы сұраныстардың, аймақтағы әлеуметтік-экономикалық проблемалардың, әлемдік экономикалық даму тенденцияларының кеңістігі.

Кәсіп осы үш дөңгелектің тоғысу нүктесі арқылы онтайлы таңдалады.

Мамандықтың бірнеше классификациясы бар. Олардың неғұрлым белгілілері еңбек пәніне негізделеді. Еңбек пәні бойынша жіктелетін мамандықтар 5 топқа бөлінеді: адам — адам, адам — белгі жүйесі, адам — табиғат, адам — техника, адам — көркем образ.

Адам — адам: мұнда мамандық иесі үшін еңбек нышаны болып басқа адам табылады, ал қызмет сипатамасы — басқа адамдарға әсер ету, адамдармен жұмыс істеу. Мұндай мамандықтарға мұғалім, дәрігер, журналист, сатушы, заңгер, банкирлер жатады.

Адам — белгі жүйесі: бұл типті таңдаған адамдар абстрактілі ұғымдармен жұмыс жасауды білуі керек және ой-өрісі өте кең болу керек. Бұл бухгалтерлер, оқымыстылар, ЭЕМ операторлары, зертханалар мен ғылыми орталық жұмысшылары.

Адам — табиғат: бұл тип мамандары өлі және тірі табиғат процестері мен құбылыстарымен жұмыс істейді. Олар мал дәрігері, агроном, гидролог, механизатор, тракторист, эколог.

Адам — техника: бұл типке техникалық құрылғылармен жұмыс жасайтын

ұшқыштар, матростар, электромонтерлер, слесар жатады.

Адам — көркем образ: бұл типке өнер мен көркем өнерге бейім, талантты адамдар жатады. Олар архитекторлар, дизайнерлер, суретшілер, әнші, актерлер.

«Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспеуі керек: біреуі — жар таңдау, екіншісі — мамандық таңдау», - деп М. Мақатаев атамыз айтқандай, мамандық таңдау — жасөспірім кездегі адам өміріндегі ең маңызды шешімдердің бірі. Бүгін біздер өз қабілеттерімізге қарай мамандық пен бағдар таңдауда алғышарт жасадық. Бүгінгі кездесу сағатымызға келген қонақтарымызға рахметімізді айта отырып, кешіміз сіз-

дердің болашақта қай бағдарда оқитындарыңызды, өз қызығушылықтарың мен қабілеттеріңе сәйкес келетін мамандықты анықтауға, кейбіреулеріңізге өз таңдауларыңызды жасауға үлкен септігі тиді деп ойлаймын.

Көк жүзіне алаулы,
Міндет емес ай болу.
Ең бастысы қалаулы,
Кәсібіңе сай болу!

Ұ. СҰЛТАНОВА
Г. ШАМАРОВА,
М. Өтемісұлы атындағы облыстық
сауықтыру
мектеп-интернатының тәрбиешілері.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

«Жігіт сұлтаны» сайысы

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, әріптестер! Ғарышкерлер күніне орай Астана қаласындағы №56 Балабақшасында өткізіліп отырған **«Жігіт сұлтаны»** мерекелік сайысына қош келдіңіздер!

Бұл сайыста «Ақбота» және «Ерке-тай» топ балалары сынға түседі. Енді осы «Жігіт сұлтаны» сайсымызды ашу үшін «Айгөлек» ересек топ балаларын «Жігіттер» биімен ортаға шақырайық.

Бала деген өмірдің қызығы ғой,
Бала деген өмірдің жалғасы ғой,
Бала деген әр үйдің, іргетасы ғой,
Қызығын қызықтауға келдіңіз ғой.
Бір-бір үйдің еркесі, ірілері,
Мықтысы тез назарға ілінеді.

Бәрі де осал емес, өнерлілер,
Ақан сері, Біржанның інілері, - дей отырып, бүгін біздің балабақшада **«Жігіт сұлтаны»** сайысына қатысатын сұлтан-жігіттерімізді шақырайық! Қол соғып, қошеметпен қарсы алайық!

1-нөмірлі: Абылай;
2-нөмірлі: Рахман;
3-нөмірлі: Тамерлан;
4-нөмірлі: Алихан;
5-нөмірлі: Мирас;
6-нөмірлі: Нурали;
7-нөмірлі: С. Рамазан;
8-нөмірлі: Амир;
9-нөмірлі: Әлимжан;
10-нөмірлі: Әділ;
11-нөмірлі: Әлнұр;

12-нөмірлі: Ерасыл;
13-нөмірлі: Біржан;
14-нөмірлі: Ж. Рамазан;
15-нөмірлі: Игілік.

Жүргізуші:

Өнерпаздар өнерін салыстырып,
Бәйге үшін терлетер шабыстырып.
Әділдікті қолдайтын баға беріп,
Жіберейік әділ қазыларды таныстырып.

Бүгінгі сайыстың әділ бағасын беріп,
жеңімпазын анықтайтын әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

Сайыс 5, 4, 3 балдық жүйемен бағаланады. Бүгінгі сайыстың әділ қазылар алқасына сабырлық пен сәттілік тілеп, сайысымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші:

Сұлтандар бар өнерін салар анық,
Өнегелі тәлімді алған қанып.

Ал, ендеше, таныстырып өтейін мен,

Бөлімдерін сайыстың, бөліп жарып.

Сайыс 4 бөлімнен тұрады.

1. Тегін білу — тектілік (өзін таныстыру);

2. Ғарышкерлер күніне арналған сұрақ;

3. Өз өнерін көрсету;

4. Үй тапсырмасы: «Туған жерім — Қазақстан».

1-сайыс:

Ақыл-көрік бойларында жетеді,
Әлі талай сынақтардан өтеді.

Мына отырған баршаңызға,

Сұлтандар өздерін таныстырып өтеді, - демекші, өзін-өзі таныстыру сайысы.

1-нөмірлі: Абылай

Ассалаумағалейкум, сәлем бердім!
Сайысқа қатысуға мен де келдім.

Туып едім елімнің шығысында,
Атым менің Абылай, найман елім.
Әкем Айдос қорғаным болар менің,
Ертеніңе ұлының артқан сенім.

Анам менің Эльмира — жанашырым,

Түсінер қабағынан бала сырын.
Сынға келдім білімді алға алып,
Өнерім бар қараңыздар таң қалып.
Алмагүлдей тәрбиешінің алдынан,
Шығар өсіп әлі талай сан алып.
Қазағымның берекесі қашпаған,
Мінезім бар еш нәрседен саспаған.
Тәмамдайын осыменен сөзімді,
Ата-бабам әдептен бір аспаған.

2-нөмірлі: Рахман

Армысың, жиылған жұрт алпыстағы,

Алдыңызға шығып тұрмын танысқалы.

Есімім — Рахман, тегім Мақсатбайұлы,

Келдім міне жігіттермен сайысқалы.

Айта берсем отбасында төртіншімін,

Жай емес берген Алла сыңарымен.
Қазақтың орта жүзі руым — қыпшақ,
Шықтым міне алдыңызға Сұлтан болып!

3-нөмірлі: Тамерлан

Аман-сау ма баршаңыз бармысыздар!

Тәуелсіз Қазақстан болашағы Тамерланмын.

Сәлемімді қабыл алыңыздар,
Мен «Еркетай» тобының Ұланымын.

Жайқалған жасыл елдің құрағымын,
Бүгінгі додадағы Жігіт Сұлтанымын,

Ортаның жанып тұрған шырағы-мын.

4-нөмірлі: Алихан

Барша қауым жиналды бұл сайысқа,
Бақ сынауға мен келдім алдарыңа.
Қазақтың ел қорғайтын батыр ұлы,
Асқар ұлы Алихан алдарыңда.

Туған жерім Сары Арқам — байтақ елім,

Тұрамын мен төрінде Астананың.

Руым менің — қарауыл, Темиржан немересі,

Сері болу мақсатым сегіз қырлы.

Жігіттер жарысына келіп тұрмын,

Өлшеуі жоқ өнерімнің табысына.

Жарқылдап жай оғындай сайыстарда,

Көрсетем үздік өнер намысына.

Бейбітшілік туы астында біз өрлейміз,

Шығамын биік өнер шындарына.

5-нөмірлі: Мирас

Мирас деген баламын,

Алты жаста боламын.

Апайларды ренжітпей,

Айтқан тілін аламын.

Астаналық жігітпін,

Ата-әжеме үмітпін.

Ромадан — менің руым,

Алихан деген бар інім.

Жазу жазып үйреткен,

Сурет салып көрсеткен

Сүйікті апайларыма алғысымды білдірем!

6-нөмірлі: Нұрәли

Ассаламагәлейкум, халқым менің,

Сәлемдесу сіздермен салтым менің...

Асыл текті халқымды мақтан етем,

Жиналған жұрт көпшілікке басымды ием.

Баян батырдың ұрпағымын,
Туып-өскен Астана кең даланың.
«Ақбота» тобынан келіп тұрмын,
Нұрәли Даулетұлы мен боламын.

7 -нөмірлі: С. Рамазан



Сары Арқа төрінде

Торғай деген жерім бар.

Елдің атын шығарған,

Торы қыпшақ бабам бар.

Ағаштан ойып оюды,

Темірден түйіп түйе алған.

Халықтың қамын ойлаған,

Ұлы Жанәділ атам бар.

Жарасып тұрады әрқашан,

Атам киген майор формасы,

Қарап ойлап қызығам.

Кенже немересі мен болам.

8-нөмірлі: Амир

Сәлем бердім халқыма,

Осы отырған жалпыға!

Бас иемін иіліп,

Ата-баба салтына.

Қазақ деген ұлтым бар,

Амир деген мен боламын.

9-нөмірлі: Әлимжан

Ұстазым — Бақытгүл апай — аяулы адам,

Біздерден бар білгенін аямаған!

Осындай апайлардың арқасында,

Көпшіліктің көңілі тояр маған.

10-нөмірлі: Әділ

Сәлем бердім жалпыңа,

Үлкен-кіші баршаңа.

Тағзым етіп иіліп,

Қазағымның салтына.

Өнерді бағалар,

Халқымның арқасы.

Сіздерге бір сәлем,

Қазылар алқасы.

Бақшамыз — қуаныш, қызығын,

Еңбекпенен жандырап ұл қызын.

11-нөмірлі: Әлнұр

Армысыздар, Алаш елі ардақтылар,
Елімнің еркіндігін биік тұтар.

Қазақтың бір ұлымын Әлнұр деген,
Мәртебесін елімнің асқақтатар.

Әкемнің аты Қанат сұрасаңыз,

Ол барда шайдай ашық аспанымыз.

Руым — арғын Абылай батыр бабам,

Елін қорғап аты шыққан орта жүз-

ден.

Әділ қазы алқасы, армысыздар!

Әділеттен жаралған жанбысыздар?!

Ұстазым — Бақыт апай аяулы адам,

Біздерден бар білгенін аямаған!

Тұғырлы 20 жылдың төскейінде,

Мен «Береке» бақшасында өспей-
мін бе.

Көпшілік мен де өзімді сынға сал-
дым,

Ұлықтап қазағымның дәстүр сал-
тын!

12 -нөмірлі: Ерасыл

Ассалаумағалейкум, амандық сөз-
дің басы,

«Жігіт сұлтаны» болуға әркімнің бар
таласы.

Бүгін міне, алдыңызға келіп тұрған,

Қазақтың қара көзді мен баласы.

Ұлы жүзден тараған Қаңлы елім,
Атам Амантай, ал Бекжан әкем ме-
нің.

Үш ұлдың ортаншысы мен Ерасыл,



Қазақстан Отаным, Астана туған же-
рім.

13-нөмірлі: Біржан

Жиналған мерекеге бүгін, халық,

Қарасын біздің жаққа көзін салып.

Өнер мен тапқырлықты бөлісуге.

«Жігіттер сұлтаны» деп келіп қал-
дық,

Ұсыныпты есімімді ата-анам.

Әділ қазы жөнімді сұрасаңыз,

Алмастың ұлымын Біржан атым.

Көрсеткен ұрпағының ұлағатын,

14-нөмірлі: Ж. Рамазан:

Қымбатты, балалар,

Қанеки, танысайық,

Менің атым Рамазан,

Мен туған жерімді, отбасымды өте
жақсы көремін,

«Доссыз адам жапырақсыз ағашпен
тең» деген мақал бар.

Ал менің достарым өте көп. Олар-
мен әрқашан жайнап, жадырап жүре-
мін.

Мен — анамның жарқырап жанған
жұлдызымын.

15-нөмірлі: Игілік

Сәкен ұлы Игілікпін,

Руым — қыпшақ.

Алдыңызға шықтым бүгін,

Бағымды сынап.

Өлең айтып, ән салып би билейміз,

Әділ қазы бізге берер оң бағасын.

Жүргізуші: Енді әділ қазы алқасынан таныстыру бөлімінің бағаларын сұраймыз.

2-сайыс

Мықты болсаң сұрақтарға жауап бер,

Келді кезек оқу менен білімге.

Бұл сыннан да өтсең егер сүрінбей,

Жүлде саған, қуана бер, күлімде, -
демекші сұрақтарға жауап беру сайысы.

«Тұлпарым» әні орындалады.

«Айгөлек» биі орындалады.

Жүргізуші: Әділ қазылар алқасынан жігіттеріміздің бағасын сұраймыз.

3-сайыс

Ән самал ғой тынышыңды алатын,

Ән самал ғой жанның шөлін басы-
тын.

Әсем әннің әуенімен өткізген,

Шіркін, шіркін, бұл өмірдің әр сә-
тін.

Мың бұралып билеген,

Бишіні кім сүймеген.

Қарандаршы, қызықтап,

Қандай әсем би деген, - демекші,
келесі кезекті өнер сайысына берейік.

«Өз өнерін көрсету».

4-сайыс. Қазір ортаға сайысқа қа-
тысушы жігіттерімізді аналарымен үй
тапсырмаларын қорғауға қошеметпен
ортаға шақырамыз. «Туған жерім —
Қазақстан».

Үй тапсырмасының бағаларын сұ-
раймыз. (Балалардың аттарын айту)

Жүргізуші: Ал, енді құрметті қонақ-
тар, ата-аналар өздеріңіз бірге қызық-
тап өнерлерін тамашалаған Ғарыш-
керлер мерекесіне арналған «Жігіт
сұлтаны» сайысы аяқталды. Әділ қа-
зылар алқасын өз шешімдерін тұжы-
рымдауға қол соғып қошеметпен шы-
ғарып салайық. Әділ қазылар алқасы
өз тұжырымдарын шығарғанша бала-
бақшамыздың балаларының өнерле-
рін тамашалайық:

«Домбыра» әні орындалады.

Жүргізуші: Әділ қазылар алқа-
сын қол соғып қарсы алайық. «Тоқ-
сан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар»,
«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда»,
- демекші, бүгінгі сайысымыздың же-
німпаздарын анықтау үшін сөз кезегін
әділ қазылар алқасына берейік.

Жүргізуші: Осымен бүгінгі сайысы-
мыз өз мәресіне жетті. Сайысқа қа-
тысқан барлық жігіттерімізге рахмет
айта отырып, барлығыңызға Ғарыш-
керлер мерекесі құтты болсын, той
тойға ұлассын. Балабақшамыз көрке-
йіп, биіктен көрініп, Еліміз аман, жұр-
тымыз тыныш болсын демекпін қош
сау болыңыздар!

А. ТАЖИКЕНОВА,

Б. АБДЫКАИМОВА,

**№56 «Береке» балабақшасының
Даярлық «Еркетай», «Ақбота» топ-
тарының**

тәрбиешілері:

А. АБЫЛҒАЗИНА,

Г. БЕКОВА,

**№56 «Береке» балабақшасының му-
зыка жетекшісі.
Астана қаласы.**

Қияға самғар қос қыран



**Нағипа
НЫСАНҚҰЛОВА,
№153 Ш. Есенов
атындағы мектеп-
лицейінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Тартоғай ауылы,
Шиелі ауданы,
Қызылорда облысы.**

Сабақтың мақсаты: Тұңғыш ғарышкер Ю.А. Гагарин туралы түсінік беру, сол сияқты тәуелсіз еліміздің тұңғыш ғарышкерлері Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаев жайлы мағұлмат беру. «Байқоңыр» ғарыш айлағы жайлы түсіндіру.

Білімділігі: адам баласының жер бетінің жөргегінен босап, ашық кеңістікке қанат қаққаны, олардың ерлік істері жайлы түсінік беру.

Тәрбиелілігі: Отансүйгіштікке, бауырларды, елжандылыққа, адамгершілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, әдеби монтаж.

Көрнекілігі: суреттер, бұктемелер, слайттар, мақал-мәтелдер.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі;
2. Ю.А. Гагарин туралы мәлімет беру;
3. Қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров;
4. Т. Мұсабаев — ел батыры;
5. Әдеби монтаж;

6. Қорытынды.

Мұғалімнің сөзі: Адамзат ғарышқа ұшу туралы бұдан жүздеген жылдар бұрын армандаған еді. Көкке көтерілудің жолдарын анық білмесе де, Айға, әлемнің алыс қиырындағы жұлдыздарға жету туралы қиялдайтын. Ең әуелі жеңіл газ толтырған шардан қарапайым ғана самолетке, одан алып лайнерге ең ақырында қазіргі күнгі қуатты ракеталарға, көп сатылы ғарыш космос кораблдеріне жеткен ғылым мен техниканың дамуы осы бір өжет қиялдан басталғаны сөзсіз. 1957 жылдың 4 қазаны адамзат тарихындағы үлкен бір уақиғалы күн болып саналады. Кеңес Одағы ең бірінші дүниежүзінде Байқоңыр ғарыш айлағынан тұңғыш жердің жасанды серігін ұшырып, адамзатқа ғарыш дәуірінің басталғанын аңғартты. Бірінші жер серігі орбитаға шығарылғаннан кейін ең алдымен ғарышқа «Лайка» атты ит ұшырылды. Байқоңыр ғарыш айлағынан адам ұшыру 1961 жылы іске асты. 1961 жылы 12 сәуірде Ю.А.Гагарин дүниежүзінде тұңғыш рет ғарышқа көтерілді. Осыдан бастап Байқоңырдан ғарышкерлер ғарышқа үздіксіз аттануда. Ю.А. Гагариннің ғарышқа көтерілуінен бастап астрономияның жаңа саласы — космонавтика жедел дамып келеді. Ғарышкер, астронавт, космонавт-ғарышқа ұшу кезінде ғарыштық техниканы сынақтан өткізетін, әрі оны пайдаланатын адам. Космонавтика әлем кеңістігіндегі ғарыш

аппараттарының қозғалысын талдап зерттейді. 12 сәуірде ұшқыш — ғарышкер Ю.А.Гагариннің «Ал кеттік» деген сөзін естігендер ұмтылмас тарихты қуаныш сезіммен еске түсіреді. Гагарин басқарған «Восток» кораблі жер планетасы бойынша бір айналым жасап, ол ғарышта 108 мин болып қайтты. Бұл теңдесі жоқ ұлы ерлікке космонавтиканың негізін салушы К.Э. Циолковский мен ғарыш дәуірінің бас конструкторы С.П. Королевтың қосқан жарқын қол таңбаларының орны бөлек еді. Ю. Гагариннен кейін ғарышқа тұңғыш ғарышкер әйел — В.Н. Терешкова көтерілді. Гагарин техникасын дамыту қарқынды түрде атқарыла бастады.

1-жүргізуші: Юрий Алексеевич Гагарин 1934 жылы 9 наурызда қарапайым колхозшылардың отбасында дүниеге келген. Оның 1961 жылғы 12 сәуірдегі алғашқы адам болып ғарышқа сапар шегуі (ғарышта 108 минут болды) оны батыр дәрежесіне жеткізді. Ол атак оған лайықты еді.

Юрийге ғарыштық сапардың алдында дәрігерлер «Стратосфера для тебя — не предел!» деген екен. Өйткені ол оған дейін ұшқыш-сынақшы болып жүрген еді. Ал ол ұшатын ұшақтар көп болса 16 шақырымдық биіктікке дейін ғана көтерілетін.

1968 жылдың 28 наурызында Юрий Гагарин 34 жасқа толған шағында реактивті ұшақты сынақтан өткізу кезінде (ұшу кезінде) қаза тапты.

2-жүргізуші: Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы,

1 Май ауылында дүниеге келді. Ол кез соғыс жаңа бітіп, батырлықты, ерлікті уағыздаған уақыт болатын. Әкесі Оңғарбай мен шешесі Қамия көзге көрініп, көз жұмған 9 ұлдан кейінгі перзентіне «енді осы жаманымыз аман болсыншы» деген ниетпен азан шақырып, Тоқтар есімін беріпті. Ата-анасы ерте дүние салды. Кішкентайынан ата-анасынан айырылғаннан ба, Тоқтар бұйығы, оқшау өсті. Ол апасы Бикен мен жездесі Нығметтің тәрбиесінде болды.

1-жүргізуші: Мұсабаев Талғат Аманкелдіұлы 1951 жылы 7 қантарда, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы кентінде интеллигенция отбасында туған. Ұлты — қазақ. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін біледі.

«Авиациялық радиожабдықтарды техникалық пайдалану» мамандығы бойынша Ленин комсомолы атындағы Ригадағы азаматтық авиация инженерлері институтын бітірді.

2-жүргізуші: «Байқоңыр» ғарыш айлағы Қазақстан Республикасының оңтүстік-батыс бөлігінде, Қызылорда облысының территориясында орналасқан, жалпы көлемі 6,7 мың км² жерді алып жатыр.

«Байқоңыр» ғарыш айлағының адамзат баласы үшін де, еліміз үшін де алар орны ерекше.

1-оқушы:

Көкке ұшамын —

Ұшқыш болар баламын.

Соңына ерем.

Ер ғарышкер ағаның.

Батыр болам —

Көк аспанды сүйемін.

Жұлдыздарға

Барып-келіп жүремін.

2-оқушы:

Айналады ел бір сенен,

Есімінді білсе әлем.

Ғарышқа ұшқан қазақтың,

Тұңғышына бір сәлем!

3-оқушы:

Тоқтамайды осы аңыз,

Бір жолыңды тосамыз.

Тоқтар – ерлік, ерлікті,

Күнде өлеңге қосамыз.

4-оқушы:

Батпайтын ол жыр таңы.

Жүрегімізді жылытады.

Тоқтар батыр кәдімгі –

Алпамыстың ұрпағы.

«Атамекен» әні орындалады.

5-оқушы:

Қабанбайдың ұланы,

Бөгенбайдың қыраны.

Айтылатын мәңгілік,

Қазағымның жыр әні.

6-оқушы:

Ерлікпенен жыр егіз,

Оны жастан білеміз.

Біз Тоқтардың есімін,

Ту ғып ұстап жүреміз.

7-оқушы:

Әубәкіров ағаның,

Даңқы көкке самғаған.

Тоқтар аға,

Гагарин

Салған жолды жалғаған.

Тоқтар ағам – жан ағам.

Бұрыннан да ер еді.

Менің батыр ағадан,

Аумай қалғым келеді.

8-оқушы:

Ғарышкер мекені –

Қазақ жері Байқоңыр.

Қай жер саған жетеді,

Ғажап жерім Байқоңыр!

9-оқушы:

Жазира бар ма мына далама тең!

Ғарышқа сол даламды ала кетем.

Аспанның сәуіріндегі сан жолында

Ақ жолы Гагариннің ала бөтен.

10-оқушы:

Осы жол қайқаң етіп,

Аспанға бір.

Атылған асқақ шыңдай,

Асқанда қыр.

Сақина жасап ұшып,

Мұзбалақтар

Қонады төңіректі басқанда іңір.

11-оқушы:

Қайран, Жер!

Қадірлі ана!

Аяулы ана!

Қалықтап келіп қалады-ау таяу ба-
лаң.

Өскен жер,

Басқан жерім,

Қондым кеп көгалыңа баяу ғана.

«Қара жорға» биі орындалады.

12-оқушы:

Бас иіп, ғарышың мен көгің демде,

Оралдым,

Жүзім жарқын, -

Көңілден де! –

Оралдым жеңіспенен.

Жатты Жерім

Мәз болып перзентінен жеңілген-
ге.

1-жүргізуші: Осы сәуірде адамзат
баласының жер-бесіктің жөргегінен
босап, ашық кеңістікке қанат қақ-
қанына жарты ғасырдан астам уақыт
толып отыр. Осы мерекені өркениетті
елдердің бәрі атап өтуде.

«Әппақ гүлдер» әні орындалады.

Қорытынды.

Ғажайып кітаптар сыры

Ақтөбе қаласындағы «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты №5 Самуил Яковлевич Маршак атындағы қалалық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Ымырттағы кітапхана» әлеуметтік-мәдени шара аясында, «Ғажайып кітаптар сыры» әдеби, көңілді ойындарын ұйымдастырды. Мақсаты: «Кітап — сарқылмас рухани қазына», - дей келе, білімнің



кітап арқылы берілетінін ұғындыру. Кітаптың адам өміріндегі маңызы, кітап оқығанда, білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Кітапқа деген қызығушылықтарын ойын ойнау түрінде насихаттау. Кітапханашы Раушан Жумагулова шараға қатысушыларға «Сергіту сәті» бойынша қимыл ойындарын көрсетіп, ойларын жинақтатып алып, келесі ойынды ойнатты. «Портрет» бойынша көрсетілген шығармалардың атын





атап, қысқаша мағлұмат беріп кетті. «Көңілді алфавит» берілген әріптер бойынша танымал жазушылардың атын атады. Сонымен бірге, «Ойлан, тап» жасырылған сурет арқылы ертегі кейіпкерлерін оқырмандар жылдам таба білді. «Мақал — сөздің мәйегі» атты жасырылған мақалдардың жалғасын, шапшаңдықпен, оқырмандар жарыса мақалдың жалғасын жалғастырып айтып берді. Шараны тұрақты оқырманымыз Жалғасова Айару «Мереке» әнін орындап, шараны әсерлі ете түсті. Кітап көрмесіне шолу жасап, оқырмандарға қызықты кітаптар туралы көп ақпараттармен таныстырды. Шара соңында белсенді қатысқан оқырмандарға тәттілер таратылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жо-

март Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан — Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде «... Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек...» дегендей, кітапханамыздың белсенді жас ұрпақ оқырмандары жаңа кітаптармен танысып, түрлі тақырыптағы осындай көпшілік шараларға белсенді қатысып, кітапқа деген қызығушылықтарын арттырып, жазғы демалыстарын көңілді өткізуде.

**Ақжібек Шындәулетқызы
КЕНШІНБАЕВА,
№5 Самуил Яковлевич Маршак
атындағы қалалық балалар кітапхана
меңгерушісі.
Ақтөбе қаласы.**

Каникул алақай, оқиық балақай!

Жаз бойы балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді өткізсін деген мақсатта Ақтөбе қаласы Сазды тұрғын үй алабындағы №10 модельді кітапхананың ұйымдастыруымен «Каникул алақай, оқиық балақай!» атты жоба ұйымдастырылған болатын. Мақсаты, оқырман қызығушылығын қалыптастыру, кітапты сүйетін және онымен жұмыс жасайтын оқырман тәрбиелеу. Жоба бағдарламасының барысында «Оқы! Жаз! Суретін сал! Әнін шырқа! Мультфильмін көр!» атты 300-ден астам кітапты оқып, өзіне ұнаған шығарма жайында пікір жазып, қызықты әңгімелер айтылып, ертегілер желісінде суреттер салынып, бірнеше әндер орындалып, мультфильмдер көрсетілді. Кітапханашылар мен балалар көптеген жұмыс-



тар аткарды. Оқырмандар күнделігі толтырылды. Кітапханаға жаңадан 100 оқырман тіркелді. Олардың өзге қалалардан келген достары да кітапхананың оқырманы болды. Жобаға қатысқан барлық балаға кітапхана меңгерушісі Аманслу Тілектесовна Алғыс хатпен марапаттап, сыйлықтар табыстады. Кітап адамды қолдап, қорғап жүретін қолдаушысы, ал кітапхана даналық пен дархандылықтың киелі кеніші десек, ал кітапханашылар осы киелі кеніштің шын жанаашырлары. Ендеше киелі кеніштің байлығымен дос болыңыз, жас достар! Кітапхана сіздерді асыға күтеді!



**Айнұр Әбдіқызы
ТАҒАН,
Сазды тұрғын үй
алабындағы №10
кітапхананың кі-
тапханашысы.
Ақтөбе қаласы.**



Мейіржан АМАНЖОЛ,
Облыстық дарынды балаларға арналған Абай атындағы
мамандандырылған мектеп-
гимназия-интернатының 7 «Ә» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – асыл қазына

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына», - депті Әлішер Науаи. Расында, кітап – берері мол тілсіз мұғалім. Адамзаттың кітаптан алары шексіз. Кітап та адамның рухани досы, ешқашан жолда қалдырмайтын сенімді серігі. Ал енді осындай құндылықтарға толы қазынамызды біз қаншалықты бағалап жүрміз?

Қазіргі таңда осы мәселе өзекті нәрсеге айналып бара жатыр.

Бұл туралы қоғамда әр түрлі пікірлер туындады. Бірі – кітап оқымай жатыр десе, екіншілері керісінше, кітапты іздеп оқушылар саны күн санап артып келеді деген пікірде.

Сонда бұл пікірлердің қайсысы дұрыс? Қайсысына сенуге болады? Менің ойымша, осының бәрі ғаламтордың жағадан келіп жармасуынан бастау алды. Адамдар бірақ та, электронды кітап оқуға көшті. Бұл жақсы ма? Жаман ма? Әлі белгісіз.

Бірақ бар білетініміз таяқтың екі ұшы бар.

Сонымен, қорытындылай келе: адамдар кітап оқиды деген байламға келдім.

Мен сөзімді Абай атамыздың сөзімен тәмамдайын:

«Пайда ойлама ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық білім кітапта

Ерінбей оқып көруге.



Жәңгір ОРАЗАЙ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «а» сыныбының оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – білімнің тауһартасы

Кітап деген білімнің қақ алаңы,
Білім деген өмірдің бір шырағы.
Кітап оқы білім артық болмайды
Кітабымыз білім негізін қалайды.

Білім керек, ақыл керек бұл заманда,
Кітап саған көмектесер бұл ғаламда.
Заманға сай, білімді болу үшін
Айтқанымдай, кітап оқы әманда

Білім, ақыл, неге керек бұның бәрі?!
Онсызда өмір сүрем бұдан әрі,
Деп айтатын адамдарға айтқым келеді:
«Надан болып жүргеннің не бар мәні?!»

Өмірдегі болашағын маңызды ғой,
Кітап оқы, жаман әдет-пиғылды қой,
Өмірді сүреміз біз тек бір рет қана
Білімді боп жүрген адам бақытты ғой.



Ақманар ТАЛҒАТ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «а» сыныбының оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап

Ғаламдық мәдениеттің бір бөлігін кітапхана құрайды. Ал жалпы кітап оқу білімге талпынысты, дүниетанымды кеңейтуді, адамның өзін тануын білдіреді. Ол – адамның жан дүниесінің рухани қазынасы.

Өмірде кітап оқудың адамға берері көп. Күнделікті қарапайым өмірде кітап оқитын кісі мен оқымайтын кісінің айырмашылығын тез аңғаруға болады. Кітапхананың тұрақты оқырманы ақыл-парасат, таным, білім, жұртпен қарым-қатынасы, тіл байлығы, мәдениеттілігі сияқты ізгі қасиеттерімен бірден-бір

пайдалы дос – кітап. Керек кезде жаныңнан табылатын, қиналғанда ақылшы болатын, ақылына ақы сұрамайтын, көңіліңе шабыт қондыратын, жан сарайындағы мың түрлі сұраққа жауап табатын, дұрыс жолға дұрыс таңдау жасата- тын, жаныңды жалықтырмайтын нағыз серік. Білімділікке баулитын да – кітап. Ал өмірде болатын көп қателіктер білімсіздіктен туындайды. Білімді адамға қашанда жол ашық. «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - деген Ғабит Мүсіреповтің өзі де әр адамды кітап оқуға шақырады. Кітапты таңдау, түсіну мен түйсіну, алған жерді өмірлік қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білімі мен білігін пайымын, парасатын дамытады.

Кітап- асыл қазына, кітап – рухани азық, жан серігің.

Ол – қастерлі, киелі ұғым кітап оқуға жалықпайық.

«Кітап маған тақтан да қымбат», - деген Шекспир сөзімен әсsemді аяқтай- мын. Достарымды көп уақытын телефонға емес кітап оқуға арнауға шақыра- мын.



Мадина СƏНДІБЕК,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған мектеп-
гимназия-интернатының 7 «б» сыныбының оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Адамзаттың ұлы байлығының бірі – кітап

Адамзаттың ұлы байлығының бірі – кітап. Ол адамның көп ғасырлық ақыл- ойының жемісі. Кітапты дұрыс оқи алу, оны түсіне білу – адамның пайым-па- расатын айқындайтын іс. Кітап – қазына және оқырманның асып-тасымайтын асыл досы. Балаға мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап кітап деген қандай құндылық, ол тек қағаз емес, ол адамзат қазынасына айналған үлкен дү- ние екенін үгіттеу қажетпіз. Қазақтың көркем тілі – қазақ тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Ал, ұлттық әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың өзіне керек. Бірақ, қазіргі таңда өкінішке орай, көркем әдебиетке, кітапқа қызығушылығы- мыз азайып бара жатыр. Оның бір де бір себебі қазіргі күнде өмірімізді онсыз елестете алмайтын – ұялы телефон, ғаламтор желісі. Қандай да бір мәлімет ке- рек болса, кітаптардан ізденудің орнына, ғаламтордан дайын мәліметті көші- ріп алуға асығамыз

Кітап – білімнің қайнар көзі. Осылай жалғаса берсе әдеби құндылықтарымыздан айырылуымыз мүмкін. Сондықтан «кітап неге оқылмайды?» деген сұрақтың жауабын жан-жақты іздеу керекпіз. Кітап қана дәл,мәнді білім береді, себебі ол адамды терең ойлауға баулайды. Бар білімнің қайнарын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.



Нұрсезім ҒАЙНОЛЛА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап

Жүрген кезде көңілің жұтап,
Ешқашан да мойыма бірақ.
Ақылына ақы сұрамайтын,
Жалғыз досың осы – кітап.
Серік қылсаң кітапты өзің,
Жан жақты байқап ашылар көзің.
Тіліңді дамытып, ойыңды өсірер,
Ақылың асып, түзелер сөзің.



Ажар ИСКАЛИЕВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «а» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Ғажап кітап

Кітап – білімнің қайнар көзі. Кітап оқып, адам өз тіл байлығын байытады. Ғаламтордан кейде қате мәлімет алғанша, кітаптан дұрыс мәлімет алған жөн. Кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары болуы сөзсіз.

Қазір өсіп келе жатқан балалар кітапқа қарағанда теледидар, ұялы телефондарға қызығады. Не үшін олар кітапқа қызықпайды?

Балалар туылғаннан бастап телефон қарағаны оның ата-анасының қателігі. Оған көңіл бөліп, телефон беріп қоймай кітапқа арнайы уақыт бөлсе бала кітапқа ғана қызығады. Бала телефонға қарағанда кітапқа қызығушылығы көбірек болса онда оның ата-анасының дұрыс әрекет жасағанының белгісі. Бұрынғы жылдары ұялы телефондар жоқ кезде бала да, ата-анасы да кітапты ғана оқыған. Бәріне де үлгерген.

Кітап әр түрлі тілде жазылады. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілінде жазып кеткен жазушыларымыздың кітаптарын неге оқымасқа?

Қазақша жазылған кітаптарды біз – қазақтар өзіміз оқымасaq, басқа ешкім оқымайды. 23 сәуір Халықаралық кітап күні қарсаңында «Кітап» туралы эссе жазу тапсырма берілуі мен үшін қызықты, міне ғажап! Барлық Жас Ұландарды кітап күні мерекесімен құттықтап, оқуда үздік, кітап оқуда үлгілі оқушылар болыңыздар деп тілегімді білдіремін. Біз барлық білімді кітаптан аламыз. Мен өзімнің гимназияда оқығанымға қуанамын.



Мадина САБИЛИЕВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «а» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап туралы ой толғау

Ғасырлар бойы миллиондаған кітаптар жазылып, жарық көруде. Кітап оқу адамға сенімділік береді және жалғыздықтан құтқарады.

Саяхат, технология, мифология, астрономия, сән, ғылым, әдебиет, тарих және тағы басқа сияқты әртүрлі тақырыптар бойынша бірқатар кітаптар жазылған. Әр түрлі саланың әр қыры әртүрлі кітаптармен қозғалады. Кітаптарды неғұрлым тереңірек зерттесеңіз, соғұрлым көп қазына таба аласыз. Бұл – сізде мәңгі қалатын қазына.

Кітаптар біздің қызығушылығымызды ашуға көмектеседі. Кез келген пән әр адамды қызықтыра бермейді. Дегенмен, біз белгілі бір тақырыпты білмейінше, оның бізді қызықтыратынын біле алмаймыз.

Біз неғұрлым көп тақырыпты оқысақ, соғұрлым біз өз сөздік қорымызды дамытамыз. Әсіресе, біз үшін әр түрлі кітаптарды оқу маңызды, өйткені бұл біздің мансаптық жолымызды таңдауда көмектеседі.

Олай болса, кітап – білімімізді кеңейтудің ең жақсы тәсілдерінің бірі.



Мерейлім МӘЛІК,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «а» сынып оқушысы.
Батыс Қазақстан облысы.

Кітап – білім бұлағы

Кітап – білімнің ең басты қайнар көзі, сарқылмас ілім бұлағы. Кітап – сөйлей білмесе де, өзіндік бір қасиетімен сырлас бола алатын адамның бірден-бір құнды қазынасы. Наданды адам жасап, қараңғы бұлттан сәуле ашқан ең киелі тұлғаның бірі осы кітап. Кітап – ежелден келе жатқан мәдени мұра. Осы кітапты қолға алғаннан қанша жазушы, ақын, ғалым ата-бабаларымыз еліне еңбегі сіңгенін білеміз. Осы ата-бабаларымыз жазып кеткен кітаптың құндылығы кетіп бара жатқаны ма?

Қазіргі таңда ХХІ ғасырда барлық техника, ғаламтор көзі дамыған. Заманына сай жастардың көбісі ғаламтор көзімен дұрыс айналысу, олардың міндеті болып кетті. Бірақ қазіргі заман білім көзі болғандықтан, кітапты құндылығы еш жойылмайды деп есептеймін. Бірақ көп жастар ғаламтор көзіне тәуелді болып, кітапқа, білімге деген көзқарасы, қызығушылығы ең төмен сатыда десек те болады. Кейбір жастар болады, біреудің талабымен зордан-зор босқа оқиды. Ал кейбірі болады, кітапқа деген көзқарасы жақсы деңгейде. Бірақ бұндай жандар көбіне кездесе бермейді. Ендігі жастардың тақырыпқа деген қызығушылығын қалай арттыру керек?

Менің ойымша, ол үшін шынайы өмірмен байланыстырылған кітаптарды, повестерді бастап оқу керек. Сол шынайы өмірмен байланысқа повесттерді көп жастар оқитын комикстерге ұқсата білсек, жастардың қызығушылығы артады деп ойлаймын.

Қорытындылай келе, кітап оқу – адамның сөз байлығын, сөздік қорын толтыра білетін орны бөлек, білімнің қайнар көзі.



Перизат ЖЕНИСОВА,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының «Жас қаламгер»
үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Туған жер

Туған жер — ата қоныс, атамекен,
Махаббатты сен туралы жыр еткен ем.
Балалық шағымды мен сенде өткізіп,
Ойнағанда ағашынды саялап ем.
Құпиясы сан қилы ашылмаған,
Ашу үшін жүрекпен ұмтылмаған.
Ашар едім өзім ақ құпияны,
Туған жер төксе болды нұрын маған.
Мен сүйемін елімнің топырағын,
Шаймас мендік сезімді ешбір ағын.

Жусан алсам қолыма, еске түсіп,
Сағынамын мен оның әрбір бағын.
Туған жер, атамекен, құт қонған жер,
Жақсы көріп, өз елін, қорғаған ер.
Әр адамға өз елі бақыт жері,
Барған сайын өзіндік тарқаған шер.
Отаным, туған жерім аялаған.
Аққуымсың, жүрегіме ұя салған.
Мен сені сағынышпен еске аламын
Естеліктер есімде, есте қалған.



Жанель Тұрарбекқызы БЕЙБІТ,
Облыстық дарынды балаларға арналған
Абай атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы, «Жас қаламгер» үйірмесінің мүшесі.
Батыс Қазақстан облысы.

Ең алғаш кітаппен дос болған жән

Кітап – асыл қазына. Кітап – бар адамзаттың ұстазы. Біздің тіл байлығымызды қалыптастыратын да, дамытатын да кітап. Адамды білімге, ізгілікке, байсалдылыққа жетелейтін бірден-бір құрал – бұл кітап. Барлық білім кітапта дегендей өмірдегі кез келген құбылыстар мен ауқымды құнды нәрселердің бәрін кітаптан аламыз. Бұл өмірде орын алатын барлық келеңсіздік пен қателік білімсіздіктен туындайды. Ал білімсіздік кітап оқымаудың салдарынан бола-

ды. Өмірде білімсіздік адам баласын тек құрдымға жетелейді. Адам өмір бойы кітап оқып өзін жетілдіру керек.

Осы жерде Абай Құнанбайұлының «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көрсеңіз», - деген сөзін айтуға болады. Өмірді басқа қырынан тануға үйретуші кітап. Кітап тіл байлығымызды жақсартып, оқуға, сауатты жазуға ойымызды еркін айтуға, мәдени тілде сөйлеуге, рухани азық алуға тәрбиелейді. Заманымыз компьютер, теледидар, телефон, әр түрлі технологияның жетілгені анық. Бірақ кітап өз орынын ешқашан жоғалтпайды. Білімнің бастауы кітаптан басталады. Кітаптың бізге үйретері көп. Сондықтан ең алғаш кітаппен дос болған жөн.

Мен, міне тереңдетіп оқытатын гимназияның 7-сыныбын аяқтауға жақынмын. Өзім гимназияда білім алғанымға қуанамын. Кітап менің ойымды дамытуға, білімді болуға көмектесті. Бұл гимназиядан көптеген достар тауып, сол достармен бірге кітап оқып өз білімімді жетілдірудемін.

Кітап – алтын сандық. Ол адам баласының қол жеткізе алатын құнды қазынасы. Қай кезең болмасын, оның құны ешқашан да жоғалмайды.

